



Еркін ТҰҚЫМОВ,  
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры:

## «САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖОҚ ЖЕРДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ДА ЖОҚ»

5-бет

# ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№29 (3457) 12 сәуір 2022



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЛИМИТІ АЙҚЫНДАЛДЫ



Жыл сайын ел бюджетінің қыруар қаржысы игерілмей жататыны бүгінде қалыпты жағдайға айналған. Бұл үрдістің кейбір бюджет әкімшілерінің жауапсыздығы, жоспардың дұрыс жасалмауы, қаржы бөлу-дегі шалағайлықтар секілді себептері бар. Ол жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Осындай олқылықтарға жол берген шенеуніктерге шара қолдану мәселесі де көтеріліп, олардың жауапкершілігіне қатысты нақты жазалар да белгіленген.

(Соңы 3-бетте)




БАЛА ӨМІРІНЕ  
НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ  
ТАНЫТПАҒАН АБЗАЛ

2-бет



ТЕГІН ҮЙІРМЕЛЕРДЕ  
ЗАҢСЫЗДЫҚ КӨП

3-бет



ТҮТІНГЕ ТҰНШЫҚҚАН  
АЛМАТЫ

8-бет

САРАП

## ЖЕР ДАУЫ НЕДЕН ТУЫНДАЙДЫ?

**Ж**еке, заңды тұлғалар арасында жер телімін пайдалануға байланысты даулар саны соңғы кездері көбейіп бара жатыр. Соның ішінде ең көп қаралатыны жер учаскесіне меншік құқығын беру туралы даулар. Бұл даулардың басты себебі сотқа жүгінуші тараптардың жер туралы заң қағидаттары мен өз міндеттерін әлі де толық біле бермейтіндігі десек асыра айтқандық емес.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты мысалдарға жүгініп көрейік: азамат И. әкімнің жер беру құқығынан айыру туралы әкімнің қаулысын заңсыз деп тануды, қолайлы әкімшілік акт шығаруды сұраған. Жауапкердің уәжі – әкімнің азамат И.-ға жер беру құқығынан бастартуы туралы қаулысы заңды, себебі И. жер беру туралы арызды Жер кодексінің 43-бабы негізінде берген, бірақ арыз Жер кодексінің 44-1-бабы негізінде берілуі тиіс еді, сондықтан сұратылған жер учаскесін беруден бастарту туралы әкімнің қаулысы заңды шығарылған.

АПК-ның 20-бабында әкімшілік орган, лауазымды адам, жолданымдарды қабылдайды және тіркейді, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдеседі, формальды кателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік береді.

АПК-ның 64-бабының 4,6-баптарына сәйкес, жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер бойынша Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жолданымдар осы кодексте белгіленген тәртіппен қаралуға жатады. Жолданым осы кодекстегі 63-бапта белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, әкімшілік орган, лауазымды адам арыз иесіне өтініші қандай талаптарға сай келмейтінін көрсетеді. Бұндай жағдайда, әкімшілік орган арыз беруші азамат И.-дың арызы Жер кодексінің 44-1-бабының талабына сәйкес келмегендіктен, арыз иесіне көмектесіп, оны талаптарға сәйкестендіру үшін ақылға қонымды мерзімді белгілеуі қажет еді. Әкімшілік орган арыз иесіне көмектеспеген. Сондықтан, сот даулауып отырған әкімнің қаулысын заңсыз деп таныған.

(Соңы 4-бетте)

БАЗЫНА

## ГЕНЕРАЛДАРДЫ ДАЙЫНДАЙТЫН ҰСТАЗДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ АЗ

Биыл Қазақстан полициясының құрылғанына 30 жыл толады. Бұл айтулы дата Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жаңа Қазақстан құрудағы талаптың бірі – полиция мен қоғам арасында әріптестік орнату, полицияны басқару деңгейін жоғары сапаға көтеру.


Осы орайда Ішкі істер министрлігінің М.Есболатов атындағы Алматы академиясында жаңаша ойлайтын және ішкі істер органын мемлекет сұранысына сай тиімді басқара алатын басшы құрамды оқыту қолға алынған болатын. Содан бері жоғары басшылық құрамды даярлайтын факультетті бірталай маған бітіріп шықты.

(Соңы 8-бетте)

СОТ СӨЙЛЕСІН

# ЖЕКЕШЕ ҚАУЛЫ – ТӘРТІПТІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

**Әйгілі Аристотельдің «Платон менің досым, бірақ шындық қымбатырақ» дегені секілді, қандай жағдай болса да заң бұзушылық фактілеріне көз жұма қарауға болмайды.**



Соттар тараптар арасындағы туындаған дау-дамайларды шешумен ғана шектелмей, заңдылықтар принципін бұзу жағдайларына назар аударатын мемлекеттік орган болып табылады. Ондай жағдайда соттар заңды күші бар жеке ұйғарымдар мен жекеше қаулылар қабылдай алады.

АПК-нің 270-бабы бойынша заңдылық бұзылған жағдай анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға және оны жіберуге құқылы. Сонымен қатар, оған мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан жол берілсе, сот жеке ұйғарым басқару функцияларын атқаратын тиісті ұйымдарға, лауазымды немесе өзге де тұлғаларға жеке ұйғарым жібереді. Ал олар өз кезегінде қолданған шаралар туралы бір ай мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

Қолданған шаралар туралы хабарламау өздеріне жеке ұйғарым жіберілген тұлғалардың сотты құрметтемегені үшін әкімшілік жауаптылығына әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолдану тиісті тұлғаларды соттың жеке ұйғарымы бойынша қолданған шаралар туралы хабарлау міндетінен босатпайды. Аталған мән-жайлар әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша да қолданылады. Бұл жағдайда соттар ӘҚБтК-ндегі 829-19-бапты басшылыққа алады. Егер сот жеке-

ше қаулы шығару үшін негіздердің болғанына және жеткіліктілігіне қарамастан жекеше қаулы шығармаса, онда жоғары тұрған сот сол сот актісінің заңдылығын тексере отырып, өзі жекеше қаулы шығаруға құқылы.

Өткен жылы қабылданған жекеше қаулыларды сараласам, көбінесе құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелер, лауазымды тұлғалардың заң бұзушылықтары іліккен. Атап айтқанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды толтыру немесе іс-құжаттарын жасақтау барысында қателіктер анықталып, он іс бойынша жекеше қаулы қабылданып, басқару ұйымына жіберіліп, тиісінше шаралар қолданылған. Ал азаматтық істер бойынша да лауазымды тұлғалардың заңды бұзу фактілері анықталып, ол бойынша жеке ұйғарым қабылданған.

Жоғарыда айтып өткендей заң бұзушылықтарға бей-жай қарамау соттың функцияларының бірі. Осы қабылданған жеке ұйғарымдар (жекеше қаулы) біршама заң талаптарына сай келмейтін әрекеттерді болдырмауға, тіпті қылмыстық істердің ашылуына түрткі болды. Сонымен қатар, жеке ұйғарым (жекеше қаулы) сот ісіне қатысушыларға, сондай-ақ, сот қарап отырған азаматтық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатыспаушы тұлғаларға да шығарыла алады. Негізгі принцип – заңның үстем болуы.

**Шолпан МАЛИКОВА,**  
**Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер бойынша баспасөз қызметін үйлестіруші судьясы**

ГЕНДЕР

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ 70 ПАЙЫЗЫ – ӘЙЕЛДЕР

**Қазақстанда қазіргі кезде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси өзгерістер көптеген қоғамдық мәселелерді қайта қарауды қажет етеді. Соның бірі – гендерлік теңдік.**

Бүгінде әйелдер араласпайтын сала аз. 2022 жылғы мәлімет бойынша мемлекеттік қызметкерлердің 70 пайызы – әйелдер. Әйелдер құқын қорғау жөніндегі ұйымдардың мәліметі бойынша әйелдер тек орташа қызметтерде көп, ал басшылар қатарында аз. Қазақстан өзіне алған халықаралық міндеттемелерін біртіндеп және кезек-кезеңімен орындауда. Соның ішінде, Шығыс Қазақстан облысы бойынша сот саласында әйел адамдардың үлес салмағы басым. Мәселен Шығыс Қазақстан облысы бойынша 40 сот болса, онда 242 судья, 506 мемлекеттік қызметкер, 218 техникалық қызметкер бар. Оның 288-і ер азамат, 617-сі әйел адамдар, яғни, 73 пайызы нәзік жандылар. Шығыс Қазақстан облысы бойынша 40 соттың кеңсесін 7 ер азамат басқарса, қалған 33-ін қыз-келіншектер ұйымдастырып отыр.

Гендерлік теңдікті жүзеге асыруда жағымды жаңалықтар болғанымен, іс жүзінде әлі де кедергілер көп. Біріншісі, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық. «БҰҰ әйелдер» мәліметі бойынша Қазақстанда жыл сайын 500 әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтан көз жұмады. Аса ауыр зорлық-зомбылықтың 30-40 пайызы отбасында орын алады. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан халықтың хабардар болу деңгейі» зерттеудің нәтижесіне сүйенсек, отбасындағы кең тараған зорлық – моральды-психологиялық тұрғыда жасалады.

Отбасы – кез келген халықтың тамыры, қоғамның ұйытқысы. Бала туу мен тәрбиелеу сияқты маңызды әлеуметтік қызмет атқарады. Отбасы – жеке тұлғаның қалыптасуына ұйытқы болады, мұнда Отанға деген сүйіспеншілік, еңбексүйгіштік, үлкенге құрмет пен басқа да адами құндылықтар дәріптеледі. Қазақ халқы ешқашан жесірі мен жетімін жылатпаған. Халқымыздың даналығындағы әйел заты туралы ой-толғамдар да ерекше.

«Алып анадан туады» деген нақыл бар. Бұл бүгін бір халықтың ананы құрметтейтінін білдіреді. «Әйел жерден шыққан жоқ, ол да еркектің баласы. Еркек көкпен түскен жоқ, әйел – оның анасы» деп те айтады. Хандар, батырлар, жыраулар мен шешендер, мәдениет және спорт қайраткерлері де анадан туды, анасы тәрбиеледі. Сондықтан, бала тәрбиелеуде ананың рөлі маңызды. Осылайша бүгінгі таңда қазақ әйелдері жұмысында жетістікке жетіп, отбасына лайықты көңіл болып, бала тәрбиесіне де үлгеруде. Бұл қыздың қырық жаны бар екендігінің дәлелі.

**Ш.И.С.ЛЯМОВА,**  
**Өскемен қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының кенес меңгерушісі**  
**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

КӨЗҚАРАС

**Республикамызда шаңырағы шайқалған отбасылар саны артуда. Бұл жалпы қоғамды алаңдатарлық ауқымды мәселе. Себебі, егемен еліміздің ертеңгі болашағын жас ұрпақ өмірі мен тәрбиесінен бөліп қарай алмаймыз. Ал, отбасының бұзылуы ең бірінші кезекте балаларға зардабын тигізеді. Бала қамы бізден әр отбасының сақталуына ынтымақтаса отырып атсалысуды талап етеді.**

салған алимент төлеу туралы келісім жазбаша түрде рәсімделеді.

Конституцияның 27-бабына жүгінсек, балаларына қамқорлық жасап, оларды тәрбиелеу ата-ананың ортақ құқығы әрі міндеті. Демек, бауыр еті баласын кәмілеттік жасқа толғанша бағып-қағуда әрбір ата-ана ар алдын-

# БАЛА ӨМІРІНЕ НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ ТАНЫТПАҒАН АБЗАЛ



Соттар ерлі-зайыптыларды ашу үстінде асығыс шешім қабылдамауға шақырып, оларды райынан қайтарудың бар мүмкіндігін жасайды. Мысалы, отбасылық-тұрмыстық дауларды сотқа дейін немесе сотта татуластыру шараларын қолдана отырып шешу бала мүддесін көздеудің жарқын көрінісі. Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынып, тәжірибеге енгізілген «Отбасылық сот», татуластыру орталығы мен судья медиаторлар еңбегін бұл тұрғыда айрықша атауға болады.

«Отбасылық сот» дауларды татуластыру рәсімдері аясында реттеуге, сол арқылы балалардың толыққанды отбасында тәрбиеленуіне жағдай жасауға оң ықпалын тигізуде. Алайда, мұндай шаралар ажырасқысы келетіндерді жүз пайыз ойландырып, жарастырады дей алмаймыз. Сондықтан, өз перзенті алдындағы жауапкершіліктен жалтара-тындар жолын кесуде заң нормалары

жан-жақты жетілдірілуде. Мысалы, балалар құқығының қорғалуын және оларға тиесілі алименттің уақытылы төленуін қамтамасыз ету мақсатында алиментті өндіріп алу мен неке бұзуға қатысты заң рәсімдері толықтырылды.

Бұдан әрі нақтыласақ, Отбасы және неке (ерлі-зайыптылық) туралы кодекстің 158-бабымен алимент бойынша келісім жасауға сот, нотариустармен қатар, медиаторлар мен адвокаттарға, сондай-ақ, заң консультанттары палатасының мүшелеріне де құзырет берілді. Бүгінде соттан тыс тәртіппен жасалған алимент төлеу туралы келісім, медиатор – дау-жанжалды реттеу туралы келісім, ал, адвокаттар мен заң консультанттары палатасының мүшелері – партисипативтік рәсім тәртібімен алимент төлеу туралы дауды реттеу келісімі арқылы жасайды. Соттан тыс тәртіппен жа-

да да, заңның алдында да жауапты. Ата-аналар баланы асырау міндетінен босатылмайды. Қамқорлықтағы немесе патронаттық тәрбиедегі әрі асырап алынған балалар да алимент алуға құқылы.

Ерлі-зайыптылар ажырасқан жағдайда ұл-қыздарын асырап, тәрбиелеу туралы қандай да бір келісімге келуі, ұрпақ алдында жауапкершілік алуы қажет. Мұндай келісімге келмесе кәмілеттік жасқа жетпеген балаларға алимент сот арқылы өндіріледі. Осы мәселе бойынша, жеке сот орындаушылары мәжбүрлеп орындату шараларын жедел түрде қолданып, алименттерді бірінші кезекте өндіруге барынша мүдделілік танытуы тиіс. Бір ай ішінде мәжбүрлеп орындату шараларын қабылдамау жеке сот орындаушының лицензиядан айырылуына әкеп соғатынын көпшіліктің бірі білсе, бірі білмейді.

Елімізде 2019–2024 жылдарға арналған отбасын қолдау бағдарламасы бар. Онда некеге тұру туралы өтініштен бастап, баланың өмірге келуі, дағдарыс жағдайлары және ерлі-зайыптыларды ажырасу сағысында жарастыру сынды келелі мәселелер жан-жақты қамтылған.

Қазіргі таңда ата-аналар мен балалардың арасында туындайтын ең өзекті мәселенің бірі алимент болғандықтан, жоғарыда аталған заңдағы өзгеріс балалардың өздеріне тиесілі көмекке қолжеткізу мүмкіндігін арттыруға сеп боларына сенім зор. Әрбір баланың өміріне неқұрайдылық танытпау біздің адамдық борышымыз.

**Светлана СУХАНОВА,**  
**Жетісу аудандық сотының судьясы**  
**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

БІЛГЕН ЖӨН

# ТАУАР ТАҢБАСЫ ҚАЛАЙ ТІРКЕЛЕДІ?

**«Тауар таңбалары, қызмет көрсету жерлердің атаулары туралы» заңында тауар белгілерін иеленудің, қолданудың тәртібі белгіленген. Тауар белгісіне айрықша құқық тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тіркелген күнінен бастап туындайды.**

Бұл құқық куәлікпен куәландырылады және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады. Куәліктің нысанын уәкілетті орган белгілейді. Тауар белгісінің иесі куәлікте көрсетілген тауарлар мен қызметтерге қатысты өзіне тиесілі тауар белгісін пайдалану мен оған иелік етудің айрықша құқығына ие болады. Қазақстанда қорғалатын тауар белгісін оның иесінің келісімінсіз ешкім де пайдалана алмайды.

Тауар таңбасы ретінде бейнелеу, сөз, әріп, цифр, көлем белгілері және өзге де белгілер немесе бір тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғалардың біртектес тауарларынан немесе қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін олардың аралас үлгілері тіркелуі мүмкін.

Тауар белгісіне өтінімді сараптама ұйымына бір өтінім беруші береді. Ұжымдық тауар таңбасына өтінім бірлестік атынан беріледі. Тауар белгісін тіркеуге арналған өтінімге қойылатын талаптар құжатта толық дәйектелген. Өтінім бір тауар таңбасына қатысты болуға тиіс. Өтінім: 1) өтінім берушіні, сондай-ақ, оның орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін көрсете отырып, белгілемеге сараптама жүргізу туралы өтінішті; 2) мәлімделген белгіні; 3) тауарлар мен қызметтердің халықаралық сыныптамасына сәйкес тауарлардың және қызметтердің тізбесін қамтуға тиіс.

Өтінімге: 1) сараптама жүргізгені үшін көрсетілетін қызметке ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) іс жүргізу өкілі арқылы жүргізілген жағдайда сенімхаттың көшірмесі;

3) ұжымдық тауар таңбасын өз атына тіркеуге уәкілетті ұйымның атауын, бұл таңбаны тіркеу мақсатын, осы таңбаны пайдалануға құқылы субъектілер тізбесін, ұжымдық тауар таңбасымен белгіленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен бірыңғай сапасын немесе өзге де сипаттамаларын, оны пайдалану шарттарын, оны пайдалану-



ды бақылау тәртібін, ұжымдық тауар таңбасы жарғысының ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықты қамтитын ұжымдық тауар таңбасы жарғысы (ұжымдық тауар таңбасына өтінім берілген жағдайда) қоса тіркелуге тиіс.

4) Өтінім және оған қоса тіркелетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде табыс етіледі. Егер құжаттар басқа тілде табыс етілген болса, өтінім беруші бір ай мерзімде олардың қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасын қоса тапсырады.

5) Өтінім талапқа сай өтінімнің сараптама жасау ұйымына түскен күні бойынша, егер аталған құжаттар бір мезгілде табыс етілмеген жағдайда – табыс етілген құжаттардың соңғысы келіп түскен күннен белгіленеді. Тауар таңбасының басымдығы сараптама жасау ұйымына өтінімнің түскен күні бойынша белгіленеді. Егер сараптама жасау ұйымына өтінім беру аталған күннен бастап алты ай ішінде жүзеге асырылса, тауар таңбасының басымдығы (конвенциялық басымдық) Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елде, сондай-ақ, онда көзделген халықаралық немесе аймақтық ұйымда тауар таңбасына бірінші өтінім (өтінімдер) берілген күн бойынша белгіленуі мүмкін.

**Бердібай АБЛАЕВ,**  
**Кентау қаласының ауданаралық әділет басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы**  
**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЛИМИТІ АЙҚЫНДАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әйтсе де қаржының толыққанды, мақсатқа сай игерілмей қалуының объективті себептері де бар. Ол былтырғы жылғы жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айрықша тоқталған бюджет процесінің тым күрделілігі және қаржыны бөлу, игеру үрдістеріндегі әміршіл-әкімшілік әдістердің көптігі. Осының салдарынан мысалы наурыз айында бөлінген қаржыны алу үрдісі қыркүйек айына дейін созылып кететін жағдайлар бар. Мұның зардабы, негізінен Ұлттық даму жоспары бойынша айқындалған жобаларға тиіп жатады. Осынау елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратын шаралар, кейде бір ғана актіге қол қойылмауы салдарынан ақырына жетпей қалады. Ал оны ары қарай жалғастыру үшін келер жылғы бюджетте қаржы қайта қарастыру, бөлу секілді шаралардан өту керек болады. Ұлттық экономика министрлігі Президенттің тапсырмасы бойынша бұл үрдісті жеңілдетудің жолын тауыпты. Өткен жұмада құзырлы орын өкілдері осы жаңалығымен Парламент Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің депутаттарымен бөлісті.

Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмириннің айтуынша, блоктық бюджет деп аталатын бюджеттің бұл түрі Сингапур елінің үлгісі екен. Ол бюджетке берілетін шығыстардың лимиті деп аталады. Алайда, толықтай көшірілмей, өз еліміздің қаржылық-экономикалық ерекшелігіне сай тек кейбір элементтері енгізіліпті. Бұл жүйеде қаржы сұраған бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне шығыстардың лимиті беріледі. Олардың көлемі тұрақты болады.

Жалпы, жана үлгі бойынша бюджеттің төрт тобы анықталып отыр. Біріншісі, жылда берілетін жалақы, жалпы сипаттағы трансферттерге берілетін шығыстар, субсидияларды қамтиды.



Олардың көлемі көп өзгермей сақталады. Екінші блок, былтыр Бюджет кодексіне енгізілген – ұлттық жобалар. Бұл осы блоктағы бюджетті жоспарлаудың басым бағыты болып табылады. Мұндағы мақсат ұлттық жобалары қаржыландыру үдерісін ашық ету үшін оның шығыстарының лимитін нақты айқындау. Ұлттық жобалардың қатаң бақылауда болатын – әдістемесі және нақты тізімі бар. Сондықтан осы шығыстар сол әдістеменің аясында жоспарланып, игерілетін болады. Үшінші блогы, Президенттің тапсырмасы бойынша қалыптастырылған қаржы резерві. Екі жылдан бері осы үшінші блок Президенттің тапсырмаларын қаржыландыруға бағытталап

келеді. Төртіншісі, үшеуіне де кірмеген шығыстарды қамтиды. Бұл, өткен жылы бюджеттік кодекске енгізілген контрациклдық бюджет ережесіне сай қалыптастырылады. Әмрин мырзаның айтуынша, 2023-25 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде шығыстардың көлемі жалпы ішкі өнімнің соңғы он жылдағы өсу қарқыны мен инфляцияның дәлізі негізінде белгіленеді. Осыған орай, бұрын жалпы шығыстардың өсу көлемі дағдарыс жағдайындағы тұрақсыздыққа байланысты бір жылдары 17-18 пайыз, келесі жылы 19 пайыз болып отырса, енді нақты ереже бойынша белгіленген бюджет шығысының көлеміне сай айқындалады. Сондықтан осы бағытта лимиттердің

блогын тұрқандыру маңызды болып отыр. Сол себепті төртінші блок – контрациклдық бюджеттік ереже бойынша анықталатын болады.

Жалпы бюджет процесі бұған дейінгі жүйеде қалады. Әрбір бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Бюджет кодексі бойынша жоспарлауға, игеруге мониторинг жасауға, бағалауға жауапты болады. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері өздерінің даму жоспарларына байланысты бюджеттің өтінімдерін, бюджет жобасына кірген шығыстарының көлемін Парламент палаталарында қорғайды. Мұндағы басты өзгеріс еркін индикатор тетігінің енгізілуі. Әмрин мырзаның сөзінен түйгеніміз, қазіргі таңда Бюджет кодексінде бюджеттік

әкімшілер түпкілікті нәтижеге жетпесе бірден жауапкершілікке тартылады. Шын мәнінде, кейбір ұлттық жобалар белгіленген индикаторларға әлдебір актіге қол қойылмаудың салдарынан жетпей қалуы мүмкін. Ал, ақша бар. Осындай жағдайда жұмысты тоқтатпай келесі жылы да жалғастыру үшін бюджеттік әкімшілерге еркіндік қажет. Аталмыш индикатор осы тұрғыда тиімді тетік болады. Яғни, сол арқылы ұлттық жоба тоқтамай, келесі жылы да жалғасуға мүмкіндік алады. Бұл ретте қалған қаржы көлемі 20 пайыз деңгейінен аспау керек. Олардың жұмсалуды заңнамалық актілерде көрініс тапқан ережелер негізінде қатаң қадағаланып, егер үш жыл ішінде индикатор қамтамасыз етілмесе, тиісті шаралар қолданылатын болады. Олар әкімшіліктен бастап, қылмыстық жазаға дейінгі жауапкершілікті қамтиды. Бұл жүйенің енгізілуі бюджеттің қайта-қайта нақтылануы сынды қосымша шараларды қабилдауға деген қажеттілікті жоюды деген сенім бар. Үкімет блоктық бюджет шарасын құқықтық тұрғыда негіздейтін өзгерістер топтамасын маусым айында Парламентке енгізбек. Ол қыркүйек айында талқыланып, қабылданатын болса, 2023–2025 жылдарға арналған бюджет осы бағытта қалыптастырылады.

Сенаторлар бұл өзгеріске қарсылық білдірмеді. Жиында сөз алған халық қалаулыларының бірі Нұрлан Бекенов блокқа бөлінетін бюджеттің негізгі қағидаты – бюрократияны барынша азайту, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне қаражатты қайта бөлуде еркіндік беру және ұзақ мерзімді мақсаттарға баса назар аудару екенін атап өтті. Бұл жүйе әрбір министрліктің көп жылғы шығыстар жоспарына негізделуі тиіс, ол бойынша қаражат стратегиялық бастамалар арасында өздігінен қайта бөлінетін болады. Яғни, жүйе министрліктер мен мекемелерге бюджетті дербес басқару құқығын беретін болады. Ол сонымен қатар қазіргі уақытта блоктық бюджеттің жекелеген бөлшектері ғана енгізілетінін, ол үшін бюджеттік бағдарламаларды айтарлықтай ірілендіру, сондай-ақ, бюджетті блоктар бойынша қалыптастыру керектігін атап көрсетті. Шығыс лимитінің көлемін айқындау, бюджетті қалыптастыру және қаржыны басқару тәсілдерін қайта қарау қажет.

Кездесуде Есеп комитетінің өкілдері де өз ұсыныстарын білдірді. Ондағы ұсыныстардың қатарында тексеру комиссияларына республикалық маңызы бар қалалар, облыстар және қалалар бюджеттерінің жобаларына алдын ала бағалау жөніндегі функция беру туралы да айтылды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

**Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) 30 жылда Қазақстанда экономиканың түрлі салалары бойынша құны 10 млрд долларды құрайтын 300-ге жуық жобаны жүзеге асырды. Оны ҚР Парламент Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Марат Құсайынов халықаралық қаржы институтының Орталық Азия бойынша басқарушы директоры Жу-жанна Харгитаймен кездескен кезде айтты. Оның айтуынша, Қазақстанмен стратегиялық байланыс орнатқанына биыл 30 жыл толған ЕҚДБ қаржыландырған жобалардың ішінде шағын және орта бизнес, қаржы, энергетика, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технология бағыттары бар.**

## НӘТИЖЕЛІ 30 ЖЫЛ

Мәселен, былтыр тараптар – көлік инфрақұрылымы, жаңартылатын энергия көздері және бизнес саласында 558 млн евро құрайтын 18 жаңа жобаға қол қойды.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған соң халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуға баса назар аударды. Мәселен, Мемлекет басшысы 1992 жылы 20 қаңтарда ЕҚДБ-нің бірінші вице-президенті Р.Фрименді қабылдаған кезде Қазақстанның ЕҚДБ-ге мүшелікке енуі, экономикадағы құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыру, оның экономикалық әлеуетін дамыту, нарықтық қатынастарға өтуде және ең алдымен банктік-қаржылық саладағы нарықтық инфрақұрылымын дамытуға консультативтік-техникалық көмек көрсетуі үшін республикаға шетелдік капиталды тарту мәселелерін қараған болатын. Соның нәтижесінде, алдағы 3 жылдағы жекешелендірудің бағдарламасын жасауға Дүниежүзілік банк (ДБ), Ха-

лықаралық даму жөніндегі агенттікпен бірге ЕҚДБ де қатысты. Н.Назарбаев 1993 жылы 7 қаңтарда ЕҚДБ президенті Ж.Атталимен кездесуінде де қаржылық саясат пен жекешелендіру мәселелеріне ерекше назар аударды. Ал 14 мамырда О.Жандосовты Қазақстаннан ЕҚДБ-нің Басқарушылар кеңесіне тағайындау туралы, 25 мамырда «Қазақстан Республикасының ЕҚДБ-не мүшелігі туралы» жарлықтарына қол қойды. Сондай-ақ, 3 қыркүйекте мемлекеттік холдингтер мен акционерлік қоғам басшыларымен кеңесте сөйлеген сөзінде Қазақстан валюта-сын қолдау туралы Халықаралық валюта қорымен, Дүниежүзілік банкпен, Еуропа қайта құру және даму банкімен, Азия даму банкімен және әлемнің бірқатар дамыған елдері үкіметтерімен келісімге қол жеткізілгенін атап өткен болатын. Биыл 25 мамырда Қазақстанның ЕҚДБ-ға мүшелікке өткеніне 29 жыл толды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

МОНИТОРИНГ

## ТЕГІН ҮЙІРМЕЛЕРДЕГІ ЗАҢСЫЗДЫҚ КӨП

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заңның 18-бабына сәйкес, жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың субъектілеріне қоғамдық бірлестіктер де жатады.**

«Әділдік жолы» РҚБ Шымкент қаласындағы филиалы мен «ASAA» жастар қоғамдық бірлестігі осы заң нормаларын басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласы аумағындағы мемлекеттен қаржыландырылатын тегін үйірмелер қызметіне қоғамдық мониторинг жүргізді.

Шымкент қаласында мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруы 2021 жылдың шілдесінде айынан қолға алынған. Уәкілетті орган тарапынан берілген ақпарат бойынша қазіргі таңда қала бойынша порталға 35837 бала (ваучер) тіркелген, осы балаларға 159 жеке кәсіпкер мен заңды тұлға қызмет көрсетуші болып табылады, қала бойынша жалпы саны 584 үйірме бар. Мемлекеттен қаржыландырылатын бұл тегін үйірмелер 4-17 жас аралығындағы балаларға арналған.

Мониторинг барысында 2022 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз айларында тіркелген балалардың ішінен тізім бойынша кез келген ата-анаға хабарласып, әлеуметтік сауалнама жүргізу көзделді. Кездейсоқ таңдалған 1704 адамның ішінен жалпы алғанда хабарласу барысында 547 заң бұзушылық анықталды, бұл

жалпы санның 32% білдіреді. Оның ішінде 113 ата-ана балаларының ешқандай үйірмеге тіркелмегенін, балалары ешқандай үйірмеге бармайтынын хабарлады. Осы жағдайда ол кәсіпкерлер бала мен ата-ананың дербес деректерін қайдан алуы мүмкін деген заңды сұрақ туындайды.

Сонымен қатар: ата-ананың телефон нөмірі ретінде мүлдем бөтен адамдардың нөмірлерінің көрсетілуі, тіркелмеген кәсіпкерлер нөмірлер мен электронды пошталар, ата-ананың нөмірі ретінде қызмет көрсетушінің нөмірінің көрсетілуі, көптеген баланың ата-анасының нөмірі ретінде бір адамның телефон нөмірі көрсетілуі, баланың үйірмеге қатысу табеліне қол қою қажеттілігі туралы ақпараттан ата-ананың мүлдем бейхабарлығы, ата-ананың онлайн жіберген өтінімін қызмет көрсетушінің құжаттарды тексерместен бірнеше секунд ішінде растауы, қызмет көрсетушінің бір үйірмесіне жазылған баланы екінші үйірмеге рұқсатсыз тіркеп жіберуі секілді өзге де өрескел заң бұзушылықтар анықталды.

Қазіргі таңда Шымкент қаласына бөлінген 3,5 млрд-қа жуық қаражат толықтай игеріліп қойғандықтан,

аталған жоба уақытша тоқтатылғаны белгілі. Үйірмеге өтінім бермеген балаларды «сырттай» тіркеп, мемлекеттен үйірмеге қатыспайтын балалар үшін ақша алуды жүзеге асыруы салдарынан мемлекет бюджетінің қаншама қаржысы далаға кетті деп айтуға болады.

Мониторинг нәтижесінде Artsport порталын жасаушыларға өтінім беріліп, баланың тегін үйірмеге тіркеліп немесе тіркелмегенін анықтауға арналған арнайы сілтеме жасалды. Енді әрбір ата-ана <https://artsport.kz/ru/checkticket> сілтемесі арқылы баласының тегін үйірмеге тіркелген немесе тіркелмегендігіне көз тектіре алады.

Ал, мониторинг нәтижесінде анықталған заң бұзушылықтар мониторингтік топ тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган мен құқыққорғау органдарына толықтай тергеп-тексерілуге жолданатын болады.

Сонымен қатар, қоғамдық бірлестіктер тиісті уәкілетті органдарға Artsport порталының мүмкіндіктері мен осы саладағы заң нормаларын жетілдіруге арналған ұсыныстар әзірлеп, өткізбек.

А.КЕСЕБАЕВА,  
«Әділдік жолы» РҚБ  
Шымкент қаласындағы  
филиалының басшысы

САРАП

# ЖЕР ДАУЫ НЕДЕН ТУЫНДАЙДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жер телімдеріне құқық табыстау туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасында: жерге құқығы табысталатын заңды немесе жеке тұлғаның атауы, жер телімінің нысаналы мақсаты, оның көлемі, жерге деген құқықтардың түрлері, ауыртпалықтар, (сервитуттар), жер телімі төлемелі ақыға берілген жағдайда жер телімін немесе жер пайдалану құқығын сатып алу бағасы, соған қатысты жер телімін сатып алу-сату шарттарын жасаудың мерзімі мен шарттары және өзге де шарттар түгелдей көрсетілуі керек.

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін беру кезінде азаматта бұрын жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімінің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама міндетті түрде болуы шарт. Ол құжатты жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган 7 күн ішінде беріп, ол өтінішке қоса тіркеледі. Содан соң жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін беру туралы өтініш арнаулы есепке алынады және бөліп беруге арналған алаңдардың дайындалуына қарай қанағаттандырылады.

Құқық белгілейтін құжаттарға – атқарушы органдардың жер теліміне құқық беру туралы құқықтық актілері, сатып алу-сату шарттары (айырбастау, сыйға тарту немесе жер телімін иеліктен шығару туралы өзге мәмілелер) және сот органдарының жер теліміне жеке меншік құқығын, жер пайдалану құқығын және жерге өзге заттық құқықтарды тану туралы шешімдері жатады. Сонымен бірге, жергілікті әкімдердің шешімдері, қаулылары аталмыш құжаттардың қатарына кіреді. Осылардың барлығы жер телімінің сәйкестендіру сипаттамаларын көрсететін және жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың құқық белгілейтін құжаттардың негізінде жер телімінің меншік иелері мен оны пайдаланушыларға беріледі. Бұл құжаттардың қатарына жер теліміне жеке меншік құқығы және уақытша (өтеулі, өтеусіз) жер пайдалану құқығының актілері де жататындығын ескерген жөн.

Жер кодексінің талабына сай жер комиссиясының құрамы құрылып, ол тұрақты негізде жұмыс істейді. Комиссия мүшелерінің саны так болуға және тоғыз адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия төрағасы болып әкімнің жер мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары тағайындалады. Комиссия отырысы дыбыс-бейнежазба құралдарының көмегімен міндетті түрде тіркеледі. Яғни, сотқа талап қою арызы түскен кезден бастап, сот барлық мән-жайды, жауапкердің барлық әрекеттерінің заңдылығын тексереді.

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері сұратылған кезде азаматтардың өтініштері арнайы есепке алынады және бөліп берілетін алаңдардың дайын болуына қарай не жеке тұрғын үй құрылысы үшін пайдаланылатын бос аумақтар бар болған кезде қанағаттандырылады. Мысалы: А. деген азамат белгілі жер учаскесінің меншік иесі болып табылады, жер учаскесі тұрғын үй құрылысын салу үшін берілген. Кейіннен азамат А. жер учаскесінің аумағын ұлғайту туралы арызбен әкімге жүгінген. Округ әкімі жер комиссиясының төрт шешіміне сүйеніп жер учаскесіне қосымша жер беруден бастарту туралы шешім шығарған. Ал, азамат А. сотқа берген талап қоюында әкімнің қосымша жер беруден бастарту әрекетін заңсыз деп тану, жер комиссиясы шешімінің күшін жойып, қосымша жер телімін беруді міндеттеуді сұраған. Сот отырысы барысында талап қоюшыға жолданған жер ко-



миссиясының хаттамалық шешімі комиссия құрамындағы (хатшысын қоспағанда) 3 тұлғамен рәсімделгені, дауыс берушілер саны сақталмағаны, қорытындыны құқыққа сыйымды деп есептеуге жатпайтыны анықталған. Бұл тұрғыда, сот округ әкімінің талап қоюшыға жер учаскесіне қосымша жер учаскесін беруден бастарту әрекетін заңсыз деп таныған. Сот жауапкердің қосымша жер учаскесін беруден бас тарту туралы шешімінің күші жойылуға және талап қоюшының жер учаскесінің аумағын кеңейту үшін қосымша жер учаскесін беру мәселесін қайта қарап, қосымша жер учаскесін беру туралы қолайлы әкімшілік акт қабылдау арқылы оның бұзылған құқығы мен мүддесін қалпына келтіруге міндеттеу керек деген тұжырымға келген.

Тағы бір мысал. Азамат К. сотқа берген талап қою арызында жер учаскесін өзіне қайтарып беру мәселесін шешуді сұраған. Іс құжаттарынан округ әкімінің шешімімен жер учаскесі 2 жыл мерзімге уақытша пайдалану үшін берілген. 2014 жылғы округ әкімінің шешімімен жер пайдалану құқығы 1 жыл мерзімге ұзартылған. Басқа жер пайдалану құқығын ұзарту туралы арыз берілмеген, әкімнің шешімі шығарылмаған, арыз беруші жерді пайдаланбаған. Бірақ, 2021 жылы округ әкімінің шешімімен осы жер учаскесі басқа азаматқа 3 жыл мерзімге уақытша пайдалану үшін берілген. Сот отырысы барысында әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеп, судьяның белсенді рөлі қағидасы негізінде талап қою тәртібімен түзетіліп, 2021 жылғы басқа тұлғаға жер учаскесін беру жөніндегі шешімді заңсыз деп тану, күшін жою және осы жер учаскесін қайтадан немесе тепе-тең жер учаскесін беруді міндеттеу талабы деп нақтыланған. Сот алғашқы тұлға К-ға берілген жер учаскесіне К-ның жерді пайдалану құқығы заңсыз шектелген, оның жер учаскесін ескертусіз алып кеткені туралы уәжі негізді және оның бұзылған құқықтары қорғалуға жатады деген тұжырымға келген. Бұндай жағдайда сотпен аталған талап ішінара қанағаттандырылып, К-ға тепе-тең жер учаскесін беруді міндеттеген.

Егер де сотқа жүгінуші тарап берілген жерді уақытында және нысаналы мақсатта пайдаланба, құжаттары заң талаптарына сәйкес заңдастырылмаса, мемлекеттік акт алынбаса және ол құжаттар дер кезінде тіркеу органдарынан өтпесе, ондай шағымдар сот шешімімен қанағаттандырылмайды.

Тағы бір айта кететін мәселе, кейбір жер алушылар өздерінің жерге деген құқықтарын дер кезінде заңдастырмайды. Енді ол жерді уақытысында пайдаланбау себебінен екінші адамға бергенде, «бұл менің жерім» деп дауласады. Жер берілген екінші адам сол күннен бастап ол жерде құрылыс жұмысын жүргізеді. Әрі жерді заң талабына сай өз атына заңдастырып алады. Құжаты толық жасакталған мұндай жер учаскелерін мәжбүрлеп қайтаруға заң бойынша жол берілмейді. Себебі, жер телімін бірінші алған адам ол жерді уақытында мақсатты игермегендіктен жер пайдалану құқығынан айырылады.

Бір жылдары село, округ, қала әкімдерінің шешімімен азаматтарға тұрғын үй салу үшін жерлер бөлініп берілген бәріміз де жақсы білеміз. Бірақ жер алған азаматтар жергілікті жер комитетінен акт алмаған, сол себепті ол жерлер тіркеу орындарынан өткізілмеген. Дер кезінде нысаналы мақсатта пайдаланылмаған ол жерлер жер комитетінің есебіне бос жер ретінде қайтадан кіреді. Кейін кезегі келген басқа азаматтарға беріледі. Содан бастап екі жақтың арасында дау туындайды. Дауласушылар әділдігін іздеп сотқа жүгінеді. Мұндай талап арыздардағы азаматтарға берілген жер учаскелері уақытында және нысаналы мақсатта пайдаланылмаса, заң талаптарына сәйкес заңдастырылмаса ол жерлер мемлекеттік акт алынбағандықтан және құжаттары тіркеу органдарынан өтпегендіктен сот шешімімен қанағаттандырылмайды.

Керіп отырғанымыздай, заңсыз қабылданған құзырлы орган шешімдері сот қаулыларымен бұзылып, азаматтардың құқықтары сотпен қалпына келтіріледі. Мұндай келеңсіздіктерді болашақта болдырмау үшін азаматтарымыз өз құқықтарын жақсы білуі тиіс. Сол арқылы олар жергілікті басқару органдарындағы шенеуніктерден заң талаптарының дұрыс орындалуын талап ете алады. Айта кету керек, Қазақстанда жерге мемлекеттік меншікке және жеке меншікке құқықтық қатынастар қатар жүреді және олар заң бойынша бірдей қорғалады.

Азаматтарымыз жер туралы заңдардың қағидаттары мен өздерінің міндеттерін жете біліп, құқықтық құжаттардың қажеттілігін толықтай қамтамасыз етсе, жерді өз меншігіне алуда заңсыздыққа жол берілмейді әрі орынсыз дауға түспейді.

**Гүлназ САЛЫҚОВА,**  
Атырау облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БАҒДАР

## ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

Біздің елде әйелдер теңдігін қамтамасыз етуге ықпал ететін екі заң қабылданды. Оның бірі – «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң болса, екіншісі – «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңы. Мемлекет басшысы бекіткен гендерлік теңдік стратегиясы негізінен ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу мақсатындағы билік пен қоғамның өзара тиімді әрекет етуіне бағытталып шығарылған заң.

Гендерлік саясат – әйелдерге тең қолжетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз ету ке-

пілі. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін ҚР Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты қамтамасыз етеді. Әйелге ҚР заңдары бұл тұрғыда ер азаматтармен теңқұқылы статус берген. Әйелдер қауымы бүгінде әр саладағы мемлекеттік қызметтерде еңбек етіп жүр. Бұл да елдің жеңісі.

**А.САТКАНБАЕВА,**  
Мұғалжар аудандық сотының бас маманы  
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

КӨКЖИЕК

**1992** жылғы маусымда құрылған Қазақстан Республикасының Әскери сотына биыл отыз жыл толып отыр. Осы орайда атап өтер жайт, әскери сот Тәуелсіз еліміздің алғашқы мамандандырылған соты болып саналады. Жалпы, еліміздің әскери сот құрылымының басқа соттардан айтарлықтай өзгешелігі жоқ. Басты айырмашылығы әскери соттарда қаралатын істердің ерекшелігінде деп білеміз. Яғни, мұнда қаралатын азаматтық істер бойынша тараптардың бірі әскери қызметші, әскери басқару органында немесе әскери бөлімде болуы тиіс. Сондай санаттағы істерді қарайтындықтан сала әскери сот саналады. Ал қылмыстық істерде сотталушылардың біреуі әскери қызметші болуы ләзім. Осы бір ерекшелік әскери сот екенімізді айқындайды.

## ӘСКЕРИ СОТҚА – 10 ЖЫЛ

Демек, әскери соттар Қазақстанның бірыңғай сот жүйесінің құрамында және жалпы юрисдикциялық соттарға жүктелетін қызметтер мен өкілеттіктерді еншілейді. Сондай-ақ, сот төрелігін жүзеге асыруда ортақ қағидаттар бойынша қызмет етеді. ҚР Әскери сотының мәртебесі облыстық соттарға теңестірілген және апелляциялық сатыдағы істерді қарайды.

Республика аумағында о баста 10 гарнизондық әскери сот жұмыс жүргізсе, кейін Ақтау, Қарағанды, Қостанай, Талдықорған, Өскемен гарнизондарына қарасты әскери соттар таратылды. Ал қалған бес гарнизондық әскери соттар облыс орталықтарында орналасқан. Бұл соттар қалалық және аудандық соттармен теңестірілген. Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласындағы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соты аса ауыр қылмыстармен байланысты істерді қарайды. Әзірге осы құрылымдар әскери сала бойынша істерді қарауға жеткілікті болып отыр. Көп адам түсіне бермейтін, салалық ерекшелікке орай әскери соттарда қаралатын қылмыстық істер қоғамда әрдайым қызығушылық тудырып жатады. Себебі, сотталушылар – қатардағы жауынгерден бастап генералдарға дейін әртүрлі шендегі әскери қызметшілер болуы мүмкін. Осы орайда атап өтсек, әскери сот жүйесінің тағы бір ерекшелі-

гі онда қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бірге қаралады. Басқа соттарда ол бөлінген.

Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылық принциптерін қамтамасыз ету мақсатында әскери соттар бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз жұмыс жүргізеді. Қазір соттардың сайттары да тұрақты жұмыс істеп, онда азаматтарға қажетті ақпараттар үнемі жаңартылып, отырады. Сонымен қатар әрбір азамат ашық сот процесіне қатысып, сот төрағасының қабылдауында бола алады. Уақыт ағымына қарай әскери соттардың барлығы заманауи ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілген. Бейнеконференция байланысы арқылы қашықтан сот процесінің жүргізу жүзеге асуда. Гарнизондардағы әскери соттар еліміздің әртүрлі қалаларында орналасқанын ескерсек, бұл жүйе республиканың басқа аймақтарында орналасқан тараптарды, куәларды, сотталушыларды сот залына шақырмай-ақ азаматтық, қылмыстық істерді қарауға мүмкіндік беруде. Тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдейтін бұл өзгеріс әскери сот саласының да уақыт ағымына қарай жаңғырып, дамып жатқанын айқындайды.

**Айнұр АМЕРКЕНОВА,**  
Алматы гарнизоны әскери сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

## ТАРАПТАРДЫ ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

Тараптарды сот отырысына шақырып, оны ұйымдастыру хатшының тікелей міндеті. Оны орындау сот отырысы хатшысының біліктілігіне байланысты.

Іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ, куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар сот отырысының немесе жекелеген процесстік әрекеттерді жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағазымен сотқа шақырылады. Егер сотқа хабарланған мекенжайда адам іс жүзінде тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орнына жіберілуі мүмкін.

Іске қатысатын адамдар хабарланатын және шақырылатын адамдар сотқа келмеген істер бойынша сот талқылауының уақыты, күні мен орны туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы, электрондық байланыс құралдары туралы мәлімет болған кезде хабарлама тараптардың өкілдеріне жіберіледі. Электрондық байланыс құралы арқылы жіберілген бірінші хабарлама бойынша тарап келмеген жағдайда, қайта хабарлау соттың хабарлауының немесе шақыруының тіркелуін қамтамасыз ететін байланыстың және жеткізудің өзге де электрондық құралын пайдалана отырып жіберіледі.

Заңды тұлғаға жіберілген соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама оның өкіліне немесе басқарушылық функцияларды орындайтын тиісті адамға, күзет қызметінің қызметкеріне не шақырылатын, хабарланатын тұлғаның басқа жұмыскеріне табыс етіледі. Олар өз лауазымын, тегін және аты-жөнін көрсете отырып, шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесін алғаны туралы қол қояды.

Қазақстаннан тыс жерде жүрген, шақырту бойынша келген куә, жәбірленуші, азаматтық талап қоюшы, азаматтық жауапкер, олардың өкілдері, сарапшы өзінің азаматтығына қарамастан, ҚР Мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін орын алған іс-әрекет үшін немесе үкімдердің негізінде Қазақстан аумағында қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды, күзетпен қамауға



алынбайды немесе оларға басқа да процесстік мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды. Шақырылған адам, егер ол қылмыстық процессті жүргізетін органның оның қатысуымен процесстік әрекеттерді жүргізудің қажеті жоқтығы туралы жазбаша хабарламасын алған кезден бастап он бес тәуліктің немесе Қазақстан халықаралық шартында көзделген өзге мерзімнің ішінде ел аумағынан кетпесе немесе егер ол осы жерге өз еркімен қайтып келсе, осы бапта көзделген кепілдіктерден айырылады. Осы адам мүмкіндігі болып тұрса да, өз кінәсіне байланысты емес себеппен Қазақстан аумағынан кете алмаған уақыт бұл мерзімге есептелмейді.

Шақырту туралы тиісті түрде хабарланған адамның келмеуінің дәлелді себептері ретінде қатты ауруы, жақын туыстарының қайтыс болуы, дүлей зілзала, өзге де төтенше жағдайлар танылады. Күдікті, айыпталушы, сотталушы, сондай-ақ, куә және жәбірленуші шақыру бойынша белгіленген мерзімде келуге кедергі келтіретін дәлелді себептер туралы өздерін шақырған органға хабарлауға міндетті.

**Н.АСЫЛБЕКОВА,**  
Қызылорда қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

– Осыдан біраз бұрын ел Президенті халыққа дәстүрлі жолдауын арнады. Сіз ондағы қандай мәселелерді аса өзекті деп есептейсіз?

– Мен 5 негізгі мәселені бөліп айтар едім. Біріншіден, Мемлекет басшысы бүкіл жолдаудың өзегі болған негізгі қағидатты атап өтті. Атап айтқанда: саяси реформалар экономикалық және әлеуметтік қайта құрулардың негізі болып табылады. Бұған әлемдік тәжірибе дәлел. Саяси жаңғыру жүргізілмейінше, тиімді экономикалық даму да, азаматтық қоғам құру да, сайып келгенде, тәуелсіздігімізді сақтау да мүмкін емес. Ол әлемнің барлық дамыған елдерінің табысы негізделген іргетасы – инклюзивті саясат, инклюзивті экономика мен қоғамның бастауы болады.

Екіншіден, дәл уақытында айтылғандығы. Реформалар ертең де, бір жылдан кейін де емес, бүгін, қазір керек. Әйтпесе, әлеуметтік-экономи-

ну немесе сайлау үшін сайлауға барыңыз. Лев Толстой айтқандай: «әркім адамзатты өзгерткісі келеді, бірақ өзін қалай өзгерту керектігін ешкім ойламайды».

Бесіншісі, ауқымдылық. Мәслихаттар мен Парламент жұмысындағы өзгерістерден, жаңа аймақтардың құрылуынан бастап, өткен кезеңнің еңбегін ұлықтау қажеттілігі – Қапшағайдың атын Қонаев деп өзгерту ұсынысы. Президенттің шешімдер қабылдау мен жүзеге асырудағы бюрократизациялау мәселесін көтеруі өте



**Еркін ТҰҚЫМОВ,**

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры:

# «САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖОҚ ЖЕРДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ДА ЖОҚ»

калық дамудағы диспропорциялар мен теңсіздіктер және елдегі жағдайдың тұрақсыздануы сияқты проблемаларға тап болу қаупі өте үлкен. Жолдаудың жаңару мен үміттің бастауы саналатын Наурыз мейрамымен тұспа-тұс келуі өте символдық мәнге ие. Расында, Жаңа Қазақстанның негізін қалау – біздің сүйікті мерекеміз Наурыздан басталды.

Үшіншіден, бірізділік. Мемлекет басшысы өзінің саясатын Президенттік қызметінің басынан бастап дәйектілікпен жүргізіп келеді. Ұсынылып отырған саяси реформалар бағдарламасы – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының және саяси, экономикалық, әлеуметтік қайта құрулардың барлық 4 пакетінің жалғасы болып табылады. Алдағы уақытта бұл бірізділік пен сабақтастық жалғасын табады. Сондай-ақ, бастапқы Қазақстанның саяси дамуындағы келесі маңызды қадамдарды күтуіміз керек.

Төртіншіден, инклюзивтілік. Президент жолдауда ел үшін маңызды қайта құруларды жүзеге асыру кезінде әрбір дауысты, әрбір пікір мен ұсынысты ескеру ұстанымдарына берік болды. Бұл ретте дала демократиясының байырғы дәстүрлерін ескере отырып, Қазақстанда ашық, сындарлы пікірталастарды қайтадан жандандыру керек. Инклюзивтіліктің екінші жағы – әрбір қазақстандықтың қатысуынсыз, бүкіл азаматтық қоғамның қатысуынсыз толық көлемде ешқандай реформа жүргізу мүмкін емес. Мен баршаға белгілі сөздерді қайталап айтқым келмейді, бірақ оны біршама өзгертіп, былай деуге болады: «Қазақстан Үкіметі бүгінгі таңда сіз үшін не істей алады деп сұрамаңыз, Сіз еліңіз үшін не істей алатыныңызды сұраңыз». Жауапкершілігіңізді түсініп, дұрыс істерді, тіпті, ұсақ-түйектерді де жасайтын кез келді. Ең болмағанда жол ережесін сақтау, көшеге коқыс тастамау, өзгенің құқығын құрметтеу қажет. Ал егер ауқымды көлемде қарастыратын болсақ, онда ең бастысы жауапкершілікті өз мойныңызға алудан қорықпай, өзіңізге және елге жағымды әрекет жасау қажет. Атап айтқанда: жаңа нәрселерді үйрену, бизнес жасау, ғылымда жаңалықтар ашу, сайла-

маньды. Президент қалам шеберлері, сіздерді, журналистерді де ұмытқан жоқ. Бұл жерде ең бастысы, журналист-әріптестер өздерінің ықпал ету күшін ғана емес, сондай-ақ, бүгінгі ақпарат дәуіріндегі Сөздің жауапкершілік дәрежесін де дұрыс бағалауы тиіс.

– **Партияны тіркеу межесін төмендеткеннен ел не ұтады?**

– Иә, қазір сұрақтар көп, мұны да түсінуге болады, біз мүлде жаңа саяси кезеңге қадам басып келеміз. Былай дейік, кез келген партияның мақсаты –

**Реформалар ертең де, бір жылдан кейін де емес, бүгін, қазір керек. Әйтпесе, әлеуметтік-экономикалық дамудағы диспропорциялар мен теңсіздіктер және елдегі жағдайдың тұрақсыздануы сияқты проблемаларға тап болу қаупі өте үлкен. Жолдаудың жаңару мен үміттің Наурыз мейрамының басталуымен тұспа-тұс келуі өте символдық мәнге ие. Расында, Жаңа Қазақстанның негізін қалау – біздің сүйікті мерекеміз Наурыздан басталды.**

Парламентке өту, билік арқылы өз сайлаушыларының өмірін жақсарту. Кезінде, Уинстон Черчилль: «Парламенттің мақсаты – жұдырықтасуды ауызша тартысқа алмастыру» деген еді. Сондықтан қоғамның өзі қанша партия қажет деп санайтын болса, сонша партия болсын, қалай болғанда да бұл процесті саяси нарық өзі реттейді. АҚШ-ты алайық. Әдетте, саясаттан алыс кез келген азамат елдегі жүйе құраушы өкіл партияны ғана атай алады. Демократиялық және Республикалық. Бірақ бұл елде федералды және аймақтық деңгейде ондаған басқа да партиялар бар. Сіз Делавэрдің тәуелсіз партиясы немесе Вермонттың прогрессивті партиясы сияқты партиялар туралы естімеген боларсыз? Ал бұл белсенді партиялар, тіпті, өз штаттарының заң шығарушы жиындарының мүшелері. Мұндай мысалдар дүниежүзінде өте көп. Көршіміз Ресейде 2021 жылы сайлау кезінде Мемлекеттік Думаға танымал «Единая Россия», РФКП мен РЛДП партияларымен қатар, «Жаңа адамдар» сияқты партия да өтті. Менің ойымша, бізде де бірінші кезең-

де белгілі бір мөлшердегі шағын саяси партиялардың пайда болуы орын алады. Бұл біздің қоғамның дамуына қатысты мүлдем өзгеше идеяларды топтастыруға мүмкіндік береді. Және мұндай идеялар неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы.

Уақыт өте келе кішігірім партиялар дамиды, әлсіздері эволюция үдерісі барысында жойылып кетеді. Күштілері бірте-бірте саяси қозғалыстың негізгі қатысушыларына айнала отырып, одан әрі кеңею мен дамудың негізі

гандарға ғана емес, аймақтарға да беру қажет. Жергілікті жерлерде көбірек өкілеттіктер, құралдар мен бюджеттер беріледі. Құралдардың, Арқалықтың немесе Шалқардың мәселесін астанада емес, осы елді мекендерде шешу керек. Мәселелер тез айқындалып, жер-жерде тез шешілуі керек. Қазіргі уақытта саяси мәселелердің басым бөлігі – билікке наразылық, әлеуметтік шиеленістің өсуі – жергілікті билік органдарының әлсіздігінен, жергілікті билік пен халық арасындағы тиісті байланыстың болмауынан туындап отыр. Бұл наразылық ел басшылығына, бірінші тұлғаларға экстраполяцияланады, сондықтан Президент кейбір жергілікті мәселелерді шешуге араласуға мәжбүр болады. Бұл – жергілікті биліктің тиімсіздігінің критерийі. Жергілікті мәселелер, мысалы, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту – жолдарды жөндеу, мектептер мен ауруханалар салу орталықтан жоғарыдан төменге қарай, процестің бюрократизациялануы сөзсіз. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының әкімдіктен қаржылық тәуелсіздік, мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейту туралы бастамасы мемлекеттік органдардың бақылануын, жауапкершілігін және халықпен байланысын арттыру тұрғысынан субъектілер арасындағы қарым-қатынастар жүйесін қайта пішімдеуге мүмкіндік беріп, жалпы әкімдіктер жұмысының тиімділігін арттырады.

Жаңа үш облыстың құрылуы осыған байланысты. Жер шалғайлығы мен бюрократиямызды ескере отырып, өзекті мәселелерді жергілікті жерлерде тиімді әрі ер кезінде шешу мүмкін емес. Мәселен, облыс орталығын соңғы жылдары көші-қон ағынын қатты бастан кешкен Жезқазған қаласына беру жергілікті экономиканы жандандырып, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға септігін тигізеді. Жолдауда Мемлекет басшысы Қазақстанның Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясын ратификациялау мәселесін пысықтау міндетін кездейсоқ қойған жоқ. Варшава университетінің студенті ретінде 1990 жылдары Польшадағы жергілікті өзін-өзі басқару реформасының куәсі болдым. Дәл осы реформа социалистік кезеңнен кейінгі экономикалық дамуға айтарлықтай серпіліс берді. Тағы да саяси, экономикалық дамуға жағдай жасады.

– **ҚСЗИ Президенттің реформаларына қандай қолдау көрсете алады?**

– «Қолдау көрсете алады» деген дұрыс емес. Институттың аты айтып тұрғандай, ҚР Президентінің жанын-

дағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты мемлекеттің жетекші талдау орталығы ретінде мемлекеттің сыртқы және ішкі саяси дамуына қатысты барлық жағдайларға күнделікті талдау жасап, Мемлекет басшысы мен Президент Әкімшілігіне ұсыныстар дайындайды. Сондықтан, Мемлекеттік хатшының жедел жетекшілігімен институт Президенттің реформаларын әзірлеу және жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстарға белсене атсалысуда. Бұл жұмыста мен үш негізгі бағытты айтып бере аламын. Ең алдымен, алдағы реформаларды сараптамалық талқылау. Жоспарлау міндетті сараптамадан өтеді. Оның барысында «Өзгерістердің қажеттілігі қалай көрінеді?», «Қоғамның қандай өзгерістерге сұранысы бар?», «Жоспарланған реформалар кімдерге әсер етеді?» деген сияқты т.б. сұрақтар қойылады. Белгілі бір мәселе бойынша сараптамалық бағалауды анықтау мақсатында ҚСЗИ саяси, экономика, мәдениет және халықаралық қатынастар мәселелері бойынша отандық жетекші сарапшылармен тұрақты түрде сараптамалық кездесулер өткізеді. Мұндай кездесулер барысында пікір алмасу орын алып, сарапшылар қауымдастығы реформалардың орындылығына, олардың дер кезінде маңызды мәселелерді көтеріп, оларды жүзеге асыру бойынша ұсыныстарды бірлесіп әзірлейді. Сараптамалық кеңестердің қорытындылары бойынша барлық материалдар талданады және тиісті шешімдер қабылдау үшін ҚР Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі. Президент реформаларын қолдау аясындағы ҚСЗИ жұмысының екінші бағыты – қоғамнан «кері байланыс» алу болып табылады. Мұндағы негізгі тетік – қоғамдық пікірді білу үшін әлеуметтану зерттеулерін жүргізу, көбіне, бұқаралық сауалнама түрінде жасалады. Халықпен жұмыстың бұл түрі оның әртүрлі санаттарының қажеттіліктерін анықтауға, олардың негізгі проблемаларын анықтауға, әртүрлі топтардың саяси институттарға сенім деңгейін өлшеуге және жүргізіліп жатқан реформаларға қатысты халықтың бағасын алуға мүмкіндік береді. Әлеуметтану сауалнамасы еліміздің барлық аймақтарының камтиды, сауалнамалардың құрылымында мәселелердің кең ауқымы бойынша сұрақтар қамтылған. Сараптамалық кездесулерді өткізу жағдайындағы әлеуметтану сауалнамаларының барлық нәтижелері қорытындыланып, талданып, мүдделі мемлекеттік органдарға одан әрі пайдалану үшін жіберіледі.

ҚСЗИ-дың Президенттік реформаларды қолдаудың үшінші аспектісі – халыққа жоспарланған және жүргізіліп жатқан реформаларды түсіндіру бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде ақпараттық жұмыс жүргізу. ҚСЗИ қызметкерлері өзекті әлеуметтік мәселелердегі қоғамдық талқылауларға тұрақты түрде қатысып, елімізде және әлемде болып жатқан оқиғаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Жалпы, ҚСЗИ мықты сарапшылар тобы бар Ресей, АҚШ, ЕО, Қытайдың жетекші сараптамалық орталықтарымен халықаралық байланыстарды орнатқан беделді ұйым болса да, қазір бүкіл ел сияқты трансформация мен өзгерістер үстінде. Біз өз қызметімізде барынша ашық болуымыз қажет, мемлекет пен қоғам, сарапшылар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, әртүрлі пікірлер мен ұсыныстарды тындап, талдай білуіміз, проблемаларды танып, шешу жолдарын табуымыз керек.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

KEGEL

## ЖЕМҚОРЛЫҚ – БАЛАМДЫҚ ІНДЕТ

Әлем елдерінде сыбайлас жемқорлықпен күрес үнемі бақылауда, әрі үздіксіз жүргізіледі. Сол секілді біздің елде де әрдайым күресті талап етеді. Кез келген қоғам үшін бұл жағдай өте өзекті. Жемқорлық қоғам дамуын тежейді, барлық игілікті кешеуілдетеді. Мемлекетте сыбайлас жемқорлықтың болуы елдің өсу деңгейін және ауқымының дамуын тоқтатады. Халықаралық бәсекеде бәсі түседі. Сондықтан да жемқорлыққа тосқауыл қою күн тәртібіндегі мәселеге айналуы тиіс.

Мемлекетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрақтылықты нығайтуға әсерін тигізеді, қыл-

мыстық әрекеттерден азаматтардың, жалпы, қоғамның заңдық қызығушылықтарын, еркіндік пен құқықтарын қорғау дәрежесін жоғарылата-

ды, мемлекеттің дамуына үлкен үлес қосады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік бастауларды ішінен ірітеді және босатады, елдің дамуын тежейді, біздің халқымыздың игілігіне қызмет етіп жүрген азаматтардың еңбегінің бәрін жоққа шығарады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу тиімділігінің жоғарылауы үшін саяси, құқықтық және адамгершілік тәртіптерінің шаралар жинағының белсенділігін арттыруда барлық Қазақстан халқының бір-кісідей атсалысуы маңызды. Әрбір азамат жас



**Альмира УЙМДАСОВА,**  
Орал қаласы мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

ерекшелігіне қарамастан жемқорлыққа қарсы күресте азаматтық, қалыпты қоғамның орнауына үлес қосқаны жөн.

## SEMINAR

## САНКЦИЯ БЕРУДЕ НЕГІЗГЕ СҮЙЕНУ МАҢЫЗДЫ

**А**тырау облыстық сотында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Т.Уалиеваның төрағалығымен «Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау және ҚПК-нің 106-бабының тәртібінде шағымдарды қарау барысындағы тергеу соттарының құқық қолданудағы өзекті мәселелері» тақырыбында семинар өтті.



Кездесу барысында сотқа дейінгі сатыға бақылауды күшейту туралы мәселе қозғалды. Т.Уалиева қамауда ұстауға санкция беру және оны ұстау мерзімін ұзарту мәселесіне мұқият қарау қажеттігіне назар аударды. Күдіктің негізділігін тексеру, қамауда ұстауға санкция беру үшін негіздің бар-жоғын мұқият зерделеу қажет екенін атап өтті.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Д.Тухфатова ҚПК-нің 106-бабы тәртібінде шағымдарды қарау бойынша құқық қолдану практикасы мәселесін қозғады. Сонымен



Іс-шараға облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьялары, Атырау қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы мен судьялары, облыстың аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары қатысты.

қатар, тергеу судьяларының тәжірибеде кездесетін өзекті мәселелер жайындағы сұрақтары талқыланды.

Атырау облыстық сотының  
баспасөз қызметі

## БЕЗБЕН

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

**Құқықбұзушылық – қоғамға зиян келтіретін құбылыс және заңға кері әрекеттер. Құқық бұзушылықтар үшін заңмен тиісінше азаматтық, әкімшілік, тәртіптік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.**

Азаматтық құқық – азаматтық заңдарда көрініс тапқан мүліктік және мүліктік емес қатынастарды реттейтін заң нормаларының жиынтығы. Мүліктік қатынастар – мүлікті иелену, пайдалану және билік етуге байланысты қатынастар. Мүліктік қатынастар – материалдық игіліктермен (мүлік, ақша, құнды қағаз және т.б.) байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Мүліктік емес жеке қатынастар екі топқа бөлінеді:

Бірінші топта – мүліктік қатынастармен тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастардың тікелей мүліктік сипаты мен ақшалай құны болмайды.

Жеке мүліктік емес қатынастардың екінші тобын – мүліктік қатынастармен байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар құрайды. Мүліктік емес қатынастарға: жеке өмірге, тұрғын үйге, ар-намысқа, іскерлік беделге қолсұқпаушылық және т.б. жатады.

Екіншіден, әкімшілік құқықбұзушылық – жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасакана немесе абайсызда жасаған) әрекеті немесе әрекетсіздігі, заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті немесе әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық болып танылады. Әкімшілік құқық бұзушылықтарға: Тіл туралы заңнаманы бұзу, жеке тұлғаға ақпарат беруден бастарту, Қазақстан азаматтығын алуға кедергі келтіру, қоғамдық бірлестіктердің қайырымдылық ұйымдардың заңды қызметіне кедергі келтіру, медициналық көмек көрсету тәртібін және стандарттарын сақтамау оны сапасыз көрсету, мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманы бұзу, адамды еңбек шартын жасаспай жұмысқа жіберу т.б. жағдайлар туындаса және жоғарыда көрсетілгендей құқық бұзушылықтар – әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Үшіншіден, тәртіптік құқық бұзушылық – бұл оқу орындары, әскери бөлімдер, мекемелер бекіткен оқу, еңбек, әскери тәртіпті бұзушылықтар. Мысалы: жұмыстан кешігу, жұмысқа бармау және т.б.

Төртіншіден, қылмыстық құқық – қылмыстылықты және қоғамдық қатынастар жүйесіне қауіпті іс-әрекет үшін қолданылатын жазаны айқындайтын заң нормаларының жиынтығынан тұратын құқық саласы.

Қылмыс санатына қарай төртке бөлінеді: қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар.

ҚР Қылмыстық құқығының негізгі қағидаттары: заңдылық, ізгілік, жеке бастың жауаптылығы, жазадан құтылмайтын, әділеттік, айыптылық қағидаты. Қылмыстық құқық – қоғамдағы конституциялық, азаматтық, еңбек, әкімшілік, қаржы салаларымен реттелетін қатынастарды қорғайды. Мысалы, меншік ең алдымен азаматтық құқық нормаларымен реттеліп, қорғалады, бірақ меншікті қылмыстық қол сұғушылықтан (ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық) қорғау қылмыстық құқықтың міндетіне жатады. Осыған орай, қылмыстық құқықтың қатынастар бір жақты сипатта болады: қылмыскер жазаға тартылуға тиіс, ал мемлекет сот органдары арқылы оны жазалауға құқылы. Қылмыстық құқықтың субъектілері (қылмыстық құқықтық қатынастарға қатысушылар) мемлекет органдары және азаматтар. Қылмыстық құқық бұзушылықтарға сәйкес айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Е. ОТАНМУРАТОВ,  
Қорғалжын аудандық соты кенесінің бас маманы-  
сот мәжілісінің хатшысы

## ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

**С**от шығыстары іс жүргізуге байланысты мемлекеттік баж бен шығындардан тұрады. Мемлекеттік баж мемлекеттік бажды төлеудің тәртібі мен мөлшері, сондай-ақ, оны төлеуден босату негіздері «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Салық кодексінде айқындалады. Мемлекеттік бажды бюджетке төлеу төлем құжаттарымен немесе кассалық құжаттармен, ал төлемдерді банкоматтар, электрондық терминалдар, қашықтықтан байланысу және «электрондық үкімет» төлем шлюзі арналары арқылы төлеген кезде қағаз жеткізгіштерде немесе электрондық түрде чектермен және түбіртектермен расталуға тиіс.

## МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ

Талап қою бағасын талап қоюшы көрсетеді. Көрсетілген баға ізделінетін мүліктің нақты құнының бағасына анық сәйкес келмеген жағдайда талап қою бағасын судья айқындайды. Мемлекеттік бажды қосымша төлеу – талап қою берілген кезде оның бағасын анықтау қиын болған жағдайда судья мемлекеттік баж мөлшерін істі сот талқылауына дайындау сатысында алдын ала анықтайды, бұл туралы істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымда көрсетіледі. Сот толық төленбеген мемлекеттік баж сомасын өндіріп алу туралы істі қарау және шешу кезінде талап қою бағасын анықтаған жағдайда, толық төленуге жататын мемлекеттік баж мөлшері сот шешімінде көрсетіледі. Талап қою талаптарының мөлшері ұлғайған кезде істі ұлғайған талаптар бөлігінде қарау талап қоюшы сот белгілеген мерзімде мемлекеттік бажды төленгені туралы дәлелдеме ұсынғаннан кейін жалғастырылады. Мемлекеттік баждың төленгендігі туралы құжат ұсынылмаған жағдайда іс бұл туралы соттың шешімінде көрсетіле отырып, бастапқы мәлімделген талаптар шегінде қаралады және шешіледі. Талап қою талаптарын ұлғайту туралы арыз қаралмай, талап қоюшыға кері қайтарылады. Мемлекеттік бажды қосымша төлеу мәселесі бойынша, соттың түйіндерімен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымға енгізілуі мүмкін. Егер бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда талаптар арасында татуластыру рәсімі шенберінде жасалған келісімдердің шарттарында талап қою талаптарының мөлшері ұлғайтылса не даудың нысанасы өзгертілсе, мемлекеттік бажды қосымша төлеу жүргізілмейді. Сот шығыстарын бөлу осы кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Мемлекеттік баж төлеуден босату немесе төлеуді кейінге қалдыру – талап қоюшының сотқа берілетін талап қою бойынша мемлекеттік баж төлеуден босату «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексінде (Салық кодексі) көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады. Осы кодекстің 54, 55-баптарында көрсетілген тұлғалар өздері берген талап қоюдан бас тартқан жағдайда, өзінің мүддесінде осы талап қойған талап қоюшы, егер ол талап қоюды қарауды талап етсе және мемлекеттік бажды төлеуден босатылса, сот белгілеген мерзімде мемлекеттік бажды жалпы тәртіппен төлеуге міндетті. Мұндай жағдайда сот істі қарауды кейінге қалдырады. Мемлекеттік баж төленбеген кезде талап қою қараусыз қалдырылады және талап қоюшыға қайтарылады. Соттың ұйғарымына апелляциялық са-

тыдағы сотқа жеке шағым берілуі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы азамат берген талап қоюлар бойынша сот мемлекеттік баж төлеуді тиісті шешім қабылданғанға дейін кейінге қалдырады, бұл жөнінде ұйғарым шығарылады. Ұйғарым шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымға, прокурордың өтінішхатына енгізілуі мүмкін. Шешім қабылданған кезде сот мемлекеттік баж төлеуге байланысты шығыстарды шешім пайдасына шығарылмаған тарапқа қаратады. Сот шығыстарын тараптардың арасында бөлу сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді. Егер талап қою ішінара қанағат-

сот процесінің созылуына, істі қарауға және заңды әрі негізді сот актісін қабылдауға кедергі келтіруге әкеп соқса, іс бойынша барлық сот шығыстарын жүктеуге құқылы. Егер апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттар істі жаңадан қарауға бермей, жасалған шешімді өзгертсе немесе жаңа шешім шығарса, олар тарап тиісті сот сатыларында жұмсаған шығыстары туралы дәлелдемелерді ұсынған кезінде тиісінше сот шығыстарын бөледі де өзгертпейді. Бірінші сатыдағы сот тараптың арызы бойынша апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда істі қарау кезінде талқыланса, бірақ сот шығындары ұсынылған құжаттардың анықтығын тексеру қажеттігіне байланысты өндіріп алынбаған және бұл туралы тиісті сот сатысындағы соттың қаулысында көрсетілсе, өндіріп алу ту-



тандырылса, онда шығыстар талап қоюшыға – талап қою талаптарының сот қанағаттандырылған мөлшеріне пропорционалды, ал жауапкерге талап қоюшының талап қою талаптарынан бас тартылған бөлікке пропорционалды түрде алып беріледі. Егер іске қатысатын адамның заңда немесе шартта көзделген дауды реттеудің наразылық немесе сотқа дейінгі өзге де тәртібін бұзуы, оның ішінде наразылыққа жауап беру мерзімін бұзуы, наразылықты жауапсыз қалдыруы, сондай-ақ, заңда белгіленген дауды реттеудің соттан тыс тәртібін бұзуы салдарынан дау туындаса, сот істі қараудың нәтижелеріне қарамастан, сот шығыстарын осы тұлғаға жүктейді. Сот, процесістік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процесістік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде дәлелдемелер сот белгілеген мерзімді және дәлелдемелерді дәлелді себептерсіз ұсынудың осы кодексте белгіленген тәртібін бұза отырып ұсынылған жағдайда, егер бұл

ралы ұйғарым шығарады. Сот шығындарын өндіріп алу туралы арыз талаптарды хабарландыра отырып, соттың сот отырысында қарауына жатады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған талаптардың келмеуі арызды қарауға кедергі болып табылмайды. Арыз соңғы сот актісінің қабылдануымен істі мәні бойынша қарау аяқталған соңғы сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін. Сот актісінің көшірмесін сот ол заңды күшіне енген кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей (азаматтың) тіркелу орны немесе көрсетілген қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстарына сот өтем жасаған (заңды тұлғаның) сот өкілінің орналасқан жері бойынша салық орна- нына жібереді.

Дина ТОЙЖАНОВА,  
Сайрам аудандық сотының судьясы  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## БАСТАМА

## ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМДАР

**М**емлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан мемлекетке айналдыруға мүмкіндік беретін бірқатар бастамалар ұсынған болатын.

Стратегиялық максатқа жетуге бағытталған ең алғашқы ұсыным – Президенттің өкілеттігі туралы. Президенттің өкілеттігі республика президентінің президенттік республикаға қошу туралы айтылған болатын. Бұл республикамыздағы барлық билік институттарының тепе-теңдігі мен еліміздің ары қарай өсіп-өркендеуіне өз септігін тигізетіндігін айта кету керек. Сондай-ақ, өкілді билік тармағын қайта құру, сайлау жүйесін жетілдіру мен оның үдерісін

жаңғырту, партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту, құқық қорғау институттарын күшейту туралы ұсынымдар айтылған болатын. Жоғарыда айтып өткендей, мемлекеттік билік саласына енгізілетін бұл бастамалар, мемлекетімізді Жаңа Қазақстанға апаратын ауқымды да маңызды қадамдар болмақ. Мемлекет басшысы мемлекетімізде Конституциялық сот институтын құру керектігін алға тартып, қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету шараларын жүзеге асыру



А.ТАРГЕНОВА,  
Ақтөбе қаласы № 2  
сотының кенсе меңгерушісі

керектігін баса айтты. Және де мемлекетіміздегі соттардың тәуелсіз, ашық және кәсіби болуын, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығының маңызын атап өтті.

ЖИЫН

# ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ – ЖАСТАРҒА МІНДЕТ

Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің жиыны өтті. Онда «Аудандық ардагерлер ұйымдарының оқу орындарымен, мұражайлармен, патриоттық тәрбие беру жөніндегі қоғамдық ұйымдармен және ерікті жастар қозғалысымен бірлескен жұмысы туралы» және «Ұлы Отан соғысына арналған ескерткіштердің, обелискілердің, мемориалдық тақталардың жай-күйін қайта қарау және есепке алуы қаралды. Шараға Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақтияр Камалов, аудан әкімінің орынбасары Асқар Нұрлыбаев, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдар Айдарбеков, оқу бөлімінің басшысы Ағайша Сапарова, музыкалық аспаптар мұражайы директорының орынбасары Нұрлы Ибадуллина, «Бақытты отбасы» орталығының басшысы Толқын Саметова және Ардагерлер кеңесінің белсенділері қатысты.



Алдымен, аудандық ардагерлер ұйымдарының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – жастарды патриоттыққа тәрбиелеу төңірегінде әңгіме өрбіді. Жиында ұлттық идеологияны насихаттау, ұлттық мәдениетті, тілді, әдет-ғұрыптарды дамыту жайында және жастардың бойында патриотизм сезімін қалыптастыру керектігі сөз болды.

Бүгінгі таңда аудандық Ардагерлер кеңесі, оның бастауыш ардагерлер ұйымдары, қоғамдық комиссиялары жастарға азаматтық-патриоттық тәрбие беруде үлкен жұмыстар атқарып жатыр. Сондай-ақ, білім беру саласы, кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, «Аманат» партиясының аудандық филиалы да белсене атсалысып, жастардың жүрегіне отансүйгіштікті, патриоттық сезімдерін оятуда еліміздің тарихи ерліктері жайлы мұралар-

ды зерделеуді үйрету арқылы ерекше еңбек сіңіруде.

Аға буын өкілдерінің, Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктерін насихаттап, жастардың жүрегіне жеткізіп, санасына сіңіруі ешқашан әлсіз қалмасы анық. Сол себепті жастармен Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен, Ауған соғысына, Желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесулер өткізіліп өскелең ұрпақтың аға буына зор құрметін тудырып, ұлкендердің ерлігі мен жеңісіне деген мақтан-ныш сезімін оятары хақ.

Екінші мәселе бойынша Айдар Айдарбеков баяндама жасап, Ұлы Отан соғысына арналған ескерткіштердің, обелискілердің, мемориалдық тақталардың қирағандарының қайта қалпына келтіріліп жатқанын атап өтті.

Жиын соңында өскелең ұрпақтың өз еліне деген мақтаншығын, оның тарихына құрметін, соғыс, еңбек ардагерлеріне деген қамқорлығын арттыру үшін жынға қатысушылардың барлығы мүдделі органдармен, қоғамдық ұйымдармен, саяси партиялармен бірлесіп отырып, осы бағыттағы жұмыстың стилі мен әдісін қайта қараумен, өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу жұмысын жетілдіру қажеттігін бірауыздан қабылдады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ПІКІР

# Қоғамдық тәртіпке бәріміз жауаптымыз!

Қазіргі таңда белең алып отырған қылмыстардың көбісі жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстар. Бүгінгі таңда осы қылмыстарға қатысты қолданылатын жазаларды қатайту қажеттігі туындайды.

Соңғы уақытта жиі орын алып жүрген ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі – брокнерлік қылмыс болып табылады. Брокнерлер ұлттық байлығымыз – табиғатымызға аяусыздықпен орны толмас зиян келтіреді. Өкінішке орай, оларға әзірге толықтай тыйым болмай тұр. Құқық қорғау органдары тарапынан бұл қылмыста қатаң бақылауға алынып, айыпты азаматтар қатаң жазалануға тиіс. Онсыз біз сиреп бара жатқан жан-жануарларымызды,

аң-құстарымызды қорғай алмаймыз.

Қылмыстардың басым көпшілігі мас күйінде жасалады. Маскүнемдік те осындай ауыр қылмыстарға негіз болып отыр. Мұның бәрі жекелеген азаматтардың заң, құқық алдындағы жауапкершіліктерінің төмендеп кеткенін көрсетеді. Қоғамдағы кез келген азамат заңның орындалуына мүдделілік танытып, қоғамдық тәртіпті қадағалауды, сақтауды өзінен бастау керек. Сонда ғана ол өзгеге үлгі, қылмысқа тоқтау салушы бола алады.

**Ә.БОЛАТОВА,**  
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

ОҢ КАДАМ

# Инвестициялық жобалардың бірыңғай пулы құрылды

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына орай Қазақстанда инвестициялық жобалардың бірыңғай пулы құрылды. Оған шикізаттық емес секторларда 500 млн теңгеден басталатын, әртүрлі сатыдағы отандық және шетелдік инвесторлардың кәсіпкерлік субъектілерінің жобалары енгізілген. Пул отыздан астам елдің 761 инвесторының жобасынан тұрады. Жалпы сомасы 24,14 трлн теңге болатын бұл жобаларда 108 мыңнан астам жұмыс орнын құру көзделген. Шетелдік жобалардың ең көбі Қытай (27), Түркия (23), Ресей (18), Нидерланды (6) елдерінің үлесінде. Ал АҚШ, Франция, Швейцария, БАӘ елдерінде бестен, Сингапур, Германия, Кореядан төрттен, Польша, Италия, Грузия, Ұлыбритания, Испания, Өзбекстаннан екіден, Израиль, Тайван, Үндістан, Португалия, Люксембург, Өзірбайжан, Иран, Кипр, Австралия, Австрия, Канада, Малайзиядан бірден жоба боп тұр.

Жобалардың толық тізімі Сыртқы істер, Ұлттық экономика министрліктерінің, «KAZAKH INVEST»

ҰК» АҚ мен АХҚО-ның ресми сайттарында қолжетімді. Сонымен қатар, салалар бөлінісінде жобалар бейінді министрліктердің сайттарында, өңірлер бөлінісінде қалалар мен облыстар әкімдіктерінің сайттарында да жарияланған. Жарияланған ақпаратта – жобаның атауы, инвестор елі, іске асырыла бастаған күні және пайдалануға беру жоспарланып отырған күні, өңір, жауапты мемлекеттік орган, инвестициялар сомасы және жұмыс орындарының саны ұсынылған. Жобалар туралы ақпарат тоқсан сайын жаңартылып отырылады. Мәселен, Алматы облысында жүзеге асырылып жатқан Швейцарияның 1 мың га қарқынды бақша отырғызу, сақтау мен қайта өңдеу цехтарын салу жобасының жалпы құны 32 833 млн теңге. Ауыл шаруашылығы министрлігі жауапты болып отырған жоба 2018 жылы басталған. Биыл аяқталады деп жоспарланып отыр. Ол толық жүзеге асқан кезде 200-дей адамға жұмыс орны ашылатын болады.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

## 9. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-көрмегі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бас лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

**1. Функционалды міндеттері:**  
Мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкін сақтау және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

ұйымның саясаты мен стратегиясын белгілейді, оның бөлімшелерінің музей қорына қалыптастыру, сақтау бойынша, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану бойынша жұмысын үйлестіреді;

музейдің (музей-қорықтың) жоспарларын, бағдарламалары мен жобаларын жасау және жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет бағыттары бойынша олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді;

ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді, Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын, тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен доріктеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының және шет елдердің мәдениет және өнер ұйымдарымен ынталық ахыстық қамтамасыз етеді;

ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жағдай психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолданады;

директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілері мен мамандары арасында жұмыстың жеке бағыттарын бөледі;

шарттарды жасайды және бұзды, мәміелер жасайды, сенімхаттар береді, қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді;

еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

**2. Конкурстық қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Педагогикалық ғылымдар (гуманитарлық пәндер бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе қызметтер (туризм) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша мәдениет ұйымдарында басшылық персонал лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

**3. Біліуі тиіс:**

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан

Республикасының Азаматтық кодексі;

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (бұдан әрі – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі);

2015 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі;

Қазақстан Республикасының заңдары;

1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторылық құқық және сабақтас құқықтар туралы»;

2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы»;

2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы»;

2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы»;

2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы»;

2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы»;

**4. Конкурстық қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:**

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі (қосымшаларымен);

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнының жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмесі;

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ, бұрынғы жұмыс орнының басшылығының ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберісі, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-20 телефондары бойынша алуға болады.

ӘРТҮРА

2. «ГазМұнайӨнім» ЖШС, БСН 040240002862, мекенжайы: 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 348/4 үй, «Аспара» БО, Серікестің Жалғыз қатысушысының 28.03.2022 ж. шешімімен Серікестің жарғылық капиталын азайту туралы шешім қабылдағандығы ескертеді. Несиенгерлердің талап-шағымдары жазбана түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Серікестің мекенжайында қабылданады.

5. «SilkNetCom» ЖШС, БСН 1804400026964, өзіне «Building Production Group» ЖШС-н, БСН 190940003428, қосып алады. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 4-ғимарат, н.п.1.

МҰРАГЕРЛІК

7. 24.09.2021 ж. қайтыс болған Қосаев Ержан Сайрамбаевичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, 1 үй мекенжайы бойынша нотариус А.Х.Аминова келулеріңіз керек. Тел.: 87051699432.

8. 30.01.2022 ж. қайтыс болған Молдабеков Сманның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер немесе мұра туралы білгісі келетіндер Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60 үй, 2 пәтер мекенжайы бойынша нотариус Ә.Б. Әкімханға келулеріңіз керек. Тел.: 87773677972.

14. Азамат Ширинов Эсанбай 08.02.2022 жылы қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылған. Барлық мұрагерлерін Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзақент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймын.

БАНКРОПТЫҚ

10. Қарағанды облысы МАЭС-нің 2022 жылғы 8 сәуірдегі ұйғарымымен «Рыженкова И.А.» ЖК-н банкрот деп тану туралы іс қозғалды.

ТАРАТУ

3. «Райса» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 210940002834, таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БКО, Ақжайық ауданы, Мерген ауылы, Құрманғазы көшесі, 183 үй. Индекс 090117.

4. «Квартирное бюро» акционерлік қоғамы таратылуына байланысты несиегерлердің талап-шағымдарын хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылдайтын туралы хабарлайды: Нұр-Сұлтан қаласы, Дүкенұлы көшесі, 7 үй. Тел.: 87051727399, 87016094769.

6. «АтырауТрансСнаб» ЖШС, БСН 180940006214, өзінің жабылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Еркінқала селолық округі, 42 көшесі, 22 үй. Тел.: 87780300086, 87785750575.

11. «Бизнес Light» ЖШС (БСН 170740009735), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Назарбаев даңғылы, 11 үй, 88 пәтер.

12. «CLEAN AND GREEN KAZAKHSTAN» ЖШС, БСН 1407400026958, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Джаныбекская көшесі, 18/2 үй, 23 кенсе.

13. «Trade village» ЖШС компаниясының Қазақстандағы филиалы, БСН 180840017048, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050000, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байтұрсынұлы көшесі, 169/11 үй, 36 пәтер.

Қарағанды облыстық сотының судьялары ұжымы, Қарағанды облыстық сотының судьялар одағы филиалы, Қарағанды облысының №2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Кишенов Жәстілек Өмірұлына  
**анасының**  
дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
  
8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақтаев көш. қиылысы, 208 кенсе.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61, кенсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 40-41-05, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүгішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-an@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Рекома» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87054422939.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшес

**БАЗЫНА**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұнда алған білім жоғары лауазымға тағайындалудың кепілі. Факультеттер ашылғаннан бері білім алған түлектер Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Атырау өңіріндегі облыстық полиция департаменттерінің бірінші басшысы лауазымына тағайындалды. Сонымен қатар 5 түлек Полиция департаменті басшысының орынбасары лауазымында.

Басшы мамандарды академия қабырғасында даярлаудың Қазақстан полициясын жаңғыртуға оң ықпал ететінін бүгінгі нәтиже анық көрсетіп отыр. Олар ішкі істер органдарын реформалауды жүзеге асыруға ықпал ететін жаңа форматтағы басшылардың айқын бейнесі.

Қайғылы қаңтар оқиғасы ішкі істер органдары үшін үлкен сын болды. Күштік құрылымдардың іскерлігі мен кәсібилігін таразыға салған оқиға кезінде академия түлектері өздерінің басқару қабілеттерін іс жүзінде көрсете білді. Олар Қазақстан халқын қорғауда адалдығын паш етумен қатар, психологиялық күйзеліске төзіммен төтеп бере алды.

Қазіргі заманда бұрынғыдай бір рет алған жоғары біліммен өмір бойы

жұмыс істеу мүмкін емес. Осыны ескере отырып, аталған академияда жеке құрамды қайта даярлау және полиция қызметкерлерінің біліктілігін арттыру аясында қосымша білім берудің көпсалалы бағдарламасы жасалды. Мұндағы мақсат – ішкі істер органдары жеке құрамының біліктілігін қызмет өткерудің барлық кезеңінде арттыру. Өйткені, заңнамалық база жиі өзгеріп жатқан бүгінгі күні бұл аса қажет әрекет.

Алматы академиясы 1956 жылдан бері Қазақстанның ондаған генералын тәрбиелеп, өсірген «кадрлар ұстаханасы». Қазақстанның осындай полиция кадрларын даярлаудағы бұл жауапты миссияның ІІМ Алматы академиясына жүктелуі де бекер емес. 65 жылдан астам тарихы мен дәстүр сабақтастығы бар академия республиканың ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлауда баға жетпес тәжірибе жинақтаған оқу орны.

Алайда қазіргі уақытта ведомство-

лық білім беретін оқу орындары педагогтарының мәртебесін көтеру қажеттілігі туындап отыр. Педагогикалық қызметке тәжірибелі ұстаздарды тартудың оңтайлы жолының бірі – жалақы көтеру. Жасыратыны жоқ, Ішкі істер министрлігі қызметкерлері мен ІІМ-ге қарасты оқу орындары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларында айтарлықтай айырмашылық бар. Сонымен қатар оларға тұрғын үйді жалға алу өтемақысы да төленбейді. Мұндай айырмашылықтар жас қызметкерлердің ғылыми және оқытушылық қызметпен кәсіби тұрғыда айналысуына құлықсыздық танытуға әкеп соқтырады.

Ведомстволық оқу орындарына жүргізілген реформа барысында орын алған кемшіліктің бірі – ішкі істер органына азаматтық жоғары оқу орындары заң факультеттерінің түлектерін қабылдаудың тиімсіздігі. Ел басшылығы да мойындаған аталған тәжірибенің тиімсіздігі ішкі істер органдарына үміткерлер іріктеу сапасына кері әсерін

тигізуде. Білім беру сапасы күмәнді жекеменшік жоғары оқу орындарының түлектерін ішкі істер органдарына қабылдау кадр сапасын төмендетіп жіберетіні анық. Үміткерлердің көпшілігі Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реттейтін заңнамалық базаны білмегендіктен, іріктеудің бастапқы кезеңінде-ақ сүрінеді. Сонымен қатар үміткерлердің басым бөлігі денсаулығының әлсіздігінен іріктеуден өте алмайды.

Ведомстволық оқу орындарында ішкі істер органдарын жаңғырту басталғанға дейін де үміткерлер қатаң іріктеуден өтетін. Өйткені, кәсіби кадрлар даярлау жүйесі үшін өз түлектерінің қызметте жоғары жетістіктер мен нәтижеге жетуі аса маңызды. Бұл форматта оқыту айтарлықтай қаржылық ресурстарды талап етеді, алайда қоғамның қауіпсіздігі мен заңның үстемдігі таразыда тұрғанда, мұндай шығын өте орынды және қажет деп есептеймін.

Менің ойымша, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан және сынақтан өткен оқы-

ту тәжірибесін ескере отырып, қазіргі уақытта Ішкі істер министрлігінің барлық жоғары оқу орындарында полиция қызметкерлерін бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды қайта бастау қажет. Тіптен, кадрлар іріктеудің екі бағытын да қолданып, олардың әрқайсысының өміршеңдігі мен өзектілігін айқындау да артық емес.

Біз, ішкі істер органының ардагерлері, Қазақстан полициясының болашағына бейжай қарай алмаймыз. Өйткені біз ең жақсы жылдарымызды ішкі істер органдарына бердік, барлық қиындықтарды бастан өткердік, сондықтан бізден кейінгілерді мұқият бақылап отыру аға ұрпақ өкілінің міндеті.

**Талап ҚАБДЕНОВ,**  
**ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы Ардагерлер кеңесінің төрағасы,**  
**ҚР ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, ішкі қызмет генерал-майоры**

**ЭКОЛОГИЯ**

**ЭКОЛОГИЯ – МИЛЛИОН-ДАР ТОҒЫСҚАН МЕГАПОЛИС ТҮРҒЫНДАРЫН КӨПТЕН БЕРІ АЛАНДАТҚАН АХУАЛДЫҢ БІРІ. ТАБИҒАТЫ СҮЛҮЛЫҚҚА ТОЛЫ АЛМАТЫ ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН ҚИЯНАТТАН КӨЗ АШПАЙ-АҚ КЕЛЕДІ. МҮНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ РЕТТЕУ-ДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?**

Былтырғы жылдың қараша айында қаланың активімен келелі кеңес өткізген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының экологиялық мәселелерді түбегейлі реттеуді тапсырғаны белгілі. Президент өз сөзінде «ен бастысы, біз экологияны жақсартып, тұрғындарды таза ауамен қамтамасыз етеміз. Мен үшін бұл аса маңызды. Менің тапсырмам бойынша Үкімет қаланың ауасын тазарту үшін қажетті шараларды қабылдайды деп алматылықтарға уәде бердім. Шын мәнінде, бірнеше жыл бойы қала тұрғындары экологияның ластануынан зардап шегіп келді. Біз бұл мәселені түбегейлі шешуіміз керек. Алматының жасыл әрі таза қала деген бұрынғы мәртебесін қайтарып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыратынына сенімдімін» деген болатын.

Бүгінгі Алматының көрінісі ығыжығы адамға, кептелісте сірескен көліктерге, қадам басқан сайын шашылған коқыстарға, иістенген тамаққа таласқан қаңғыбас ит пен мысықтарға, әр жерде күпісіне оранып ауаған алқаштарға толы. Ақша табудың жолы осы деп, бүйірін тескілеген жол жөндегіштер дімкәс қаланы онан әрмен дінкелетіп барады. Улы газ бен көк түтін жұтқан алматылықтарға төнген қауіп бұл ғана емес. Онсыз да әлеуметтік мәселесінің мәні кеткен Алматының ауасы адамдарына орасан зор қауіп төндіріп отыр. Әрине, бұл проблема ең алдымен қоршаған ортаның ластануынан болуда. Алматы қаласы Қазақстан қалаларының ішіндегі ауа ластануының жоғары деңгейін көрсетіп отыр.

Бүгінгі күнде Алматы дүниежүзіндегі 25 ластанған қаланың тізіміне енген. Қалалық жол полициясының дерегі бойынша, дәл қазір Алматыда 540 мыңнан астам көлік тіркелген. Бұлардың қатары жылына 40 мыңға дейін көбейеді. Сондай-ақ, қалаға сырттан орта есеппен күнделікті 200 мыңның шамасында автомобиль келіп кетіп жатады. Ал әрбір мың автомобильден күніне ауаға 3000 кг көміртек оксидтері, т.с.с. отынның толық емес жану өнімдері бөлінеді. Жыл сайын олар 280 млн тонна шамасында көміртек

тотығын, 56 млн тонна көмірсутек, 28 млн тонна азот тотығын ауаға қосады. Бұл газдардың құрамында 200-ден астам өте күрделі заттар қосындылары (Pb, Hg, Cd, т.б. ауыр металдар, ішкі жану қозғалтқышының газдары – бензапирен, альдегидтер) бар. Олардың ішінде зиянсыздары – азот, оттегі, сутек, су булары, зияндылары – көміртек, азот тотығы, этилен, бензол, этан, метан, толуол, бенз (а) пирен, күйе, күкіртті түтін т.б. Бұл физикалық-химиялық қоспалар тыныс алу кезінде адам мен жануарларға аса зиянды. Ластаушылар автомобильді қыздырған кезде және аз жылдамдықпен жүрген кезде ауаға тез тарайды. Машина тоқтаған уақытта көмірсутегі мен көміртек оксиді, ал жүргенде азот оксиді шығады. Дизельді моторлы машиналар құрамында CO, NO заттары бар болғандықтан бензинді пайдаланатын машиналарға қарағанда кемшілігі мол. Себебі, олар түтінді көп шығарады, адам денсаулығына зиянды әсері жоғары. Атмосфераға көліктен бөлінген газдардың құрамында 25-27% қорғасын болатыны анықталған және оның 40% диаметрі 5 мкм-ге дейін жетеді. Ауада ұзақ уақыт сақталып, онымен бірге адам ағзасына түсетіндігі белгілі. Көлік түтіні жасыл желекке зиянды әсер етуде, лас ауадан өсімдікте ауру пайда болады. Жапырағы химиялық күйікке ұшырайды. Атмосфералық ауаның ластануы автокөліктің техникалық жағдайына тікелей байланысты. Қала магистральдары бойында жүргізілген тексерулер бойынша автокөліктің 80%-ы түтіндерінде зиянды заттар нормативтен 3-4 есе жоғары болған.

Өкінішке қарай, автокөліктерден шығатын зиянды қалдықтар утилизицияланбайды, себебі оларды қайта өңдейтін өндіріс жоқ. Көлікке пайдаланылатын улы сұйық заттардың қалдығы жерге төгіліп, олар топыраққа сіңіп, зиян келтіреді. Соңғы жылдары автокөліктің қоршаған ортаны ластауы барынша үдеп барады. Бүгінде еліміздің ірі қалаларындағы қоршаған ортаға тасталатын зиянды заттардың 60 пайызы осы көліктерден келеді.

Көліктердің ауаны ластауы, әсіресе, Алматыда қиын болып тұр. Ондағы көліктерден атмосфераға тасталатын зиянды заттар тәулігіне 507 тоннаны құрайды. Ал жылдық көрсеткіш 150-200 мың тонна немесе ауадағы зиянды қалдықтың 90 пайызына жетеді. Аталмыш заттардың



денсаулыққа тигізетін әсерінен онкологиялық және тыныс алу жолдарына байланысты ауруларға шалдыққандар саны артып отыр. Сондықтан да Еуро стандарттарын енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Көлік тығынның көптігін елімізге шетелден ағылып келіп жатқан, ескі-құсқы көліктер санының жыл санап арта түсуі мен осыншама ағынға төтеп бере алмайтын көшелердің тарлығынан ғана іздестіру қате. Бұған қоса кейбір кәсіпкерлердің жер телімдерін өз беттерінше иемденіп, мақсатсыз пайдалануы, құрылыс нысандарының жұмыстарын тиісті құжаттарсыз жүргізуі, көлік құралдарын ретсіз қою секілді өзге де толып жатқан заңсыздықтардың көше қозғалысын тежейтіні басты кедергілердің бірі. Сондықтан да, көлденең келген кедергінін алдын алып, жіті қадағалап отырмаса болмайды. Осы кептелістің тағы бір себебі, бүгінде көпшілік қала тұрғындарының тұрмыстық жағдайы жақсарған. Бір үйде бірнеше көлігі бар отбасылар да аз емес. Әрине, оған ешкімнің де қарсылығы жоқ. Дегенмен, жүргізушілер мәдениеттен жұрдай болып барады. Бірін-бірі сыйлаудан қалған. Кейбіреулер бәсекеге түсіп, ерегескенде өзгелерге зардабымыз тиеді-ау деп еш ойламайды. Тіпті, қоғамдық көлік жүргізушілерінің автобус, троллейбусы отырған халыққа қарамай бір-бірімен жарысып, көліктерін тоқтатып қойып, жүдғырықтасып жататындар да жоқ емес. Рас, қазір жолдарды кеңейтіп жатыр.

Алайда мұнымен бар проблема шешіле қоймасы анық. Осы көлік кептелісінің басты себепкері жүргізушілер екенін айта кеткен жөн.

Басқа қалалармен салыстырғанда Алматыдағы көлік кептелісі үлкен проблеманың біріне айналған. Бүгінде Алматы сырты аймақтардан күніне мыңдаған көлік қатынайды. Бұл қала үшін ауыр. Сол себепті де қала әкімшілігі сырттан келетін көліктердің қозғалысын шектеуді қолға алуы керек. Көлік кептелісін азайтуға бұл да өзінше бір септігін тигізеді сөзсіз.

Алматыда негізінен метро, троллейбус пен трамвайды кенінен пайдаланған тиімді. Метро жұмыс істейтін болса, көлік қозғалысы айтарлықтай жеңілдер еді.

2 миллион халқы бар Алматының ауасы бұлайша ластанып жатқанда, 20 миллион халқы бар ірі қалалар қандай күй кешуде? Ластану көрсеткіші жағынан қаламыз 20 миллионнан астам тұрғыны бар Мехико, 17 миллиондай халық өмір сүретін Тегеран мен Шанхай, 10-15 миллионның аралығында халқы бар Нью-Йорк, Лондон, Ыстамбұл, Токио мен Мәскеу сияқты қалалардың алдында тұр. Олардың қасында аядай Алматының экологиясын жақсарту алмай жүргеніміз ұят. Бірақ осы бағытта істеп жатқан жұмысымыз да шамалы.

Өлемдегі ірі қалалар тәжірибесін өзімізге үлгі етуімізге болады. Мәселен, 90-жылдардың ортасында Шанхайдың ортасынан ағып жатқан Сучжоу өзені

«өлі» өзенге айналып, жергілікті халық оны «Шанхайдың соры» деп атаған болатын. Қалалықтар қоршаған ортаны күн сайын 10 мың тонналық коқысқа көмсе, 700-ге тарта өндірістік кәсіпорынның нашарлатып-ақ жіберген. Халық Шанхайды әлемдегі ең таза қалалардың біріне айналдыруды мақсат етіп, дереу көгалдандыруға кіріскен. Жасыл-желек қала аумағының 35 пайызын құраған. Демек, 17 миллион қала тұрғынының әрбіріне 9,2 шаршы метрлік көгалдандырылған алаңқай тиеді деген сөз. Қаланың экологиялық ахуалын жақсарту мақсатындағы шараларға бірнеше миллиард доллар бөлінген. Такси мен автобустарды жанар- жағармайдан газға көшірген. Қоршаған ортаға зиянын тигізген кәсіпорындар мен жеке азаматтарға қала басшылығының үкімі ауыр, қомақты айып салады, тіптен қала көшесінде түкіруге тыйым салған. Міне, осы іс-шарадан соң Шанхай қытайдың ең таза қаласы деп танылып, ел үкіметі «Экологиялық – жасыл бақша» – деп тауып, арнайы марапаттаған. Осындай озық мысалды неге үлгі етпеске? Үкімет тарапынан арнайы қолдау көрсетіліп, экологиялық таза қалаларымызды дәріптеп, мадақтап отырса, әрине, қалаларымыз экологиясын тазартуға ұмтылып, араларында бәсекелестік туатын еді.

**Қалымбек БАҚЫТЖАН,**  
**эл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, з.ғ.к.**

**ЗАҢ газеті**

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Жанахмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
Шығыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Талғатжан Мұхамдиев 8 747 746 49 82.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61  
E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 8019 дана**  
**Апталық таралым 16 038 дана**

Тапсырыс №49 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын [Zanmedia.kz](http://Zanmedia.kz) сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г** куәлікті **2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31